

AINA

ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР
ҚОЗҒАЛДЫ

2-бет

KUN TARTIBI

ЖҰМЫС САПАСЫ –
МАҢЫЗДЫ

3-бет

JANAZYQ

ОТТЫ ЖЫЛДАР
ҰМЫТЫЛМАЙДЫ

5-бет

TIRSHILIK

УЛАНУДЫҢ АЛДЫН АЛУ
ЖӘНЕ АЛҒАШҚЫ КӨМЕК

7-бет

«ХАЛЫҚ АЛҒЫСЫН» ИЕЛЕНДІ



Ел басына қара бұлт үйірілген пандемия кезінде халық игілігі жолында қызмет етіп, қайсарлық пен мейірімділіктің үлесін көрсеткен белсенді азаматтарға Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен «Халық алғысы» медалі тағайындалды. Өзгеің қиыншылығын жеке басының қауіпсіздігінен жоғары қойғандардың қатарында жезқазғандықтар да бар. Оларға мемлекеттік наградаларын қала әкімі Қайрат Әбсаттаров табыстады.

«Халық алғысы» медалі коронавирус инфекциясына қарсы күресте денсаулық сақтау, білім беру мен әлеуметтік қорғау саласында ерекше көзге түскен Қазақстан Республикасының азаматтарын көтермелеуді көздейді. Бүгін қоғам мәселесіне бейжай қарамайтын, адал еңбегі мен елге деген жанашырлық ұстанымы бар жерлестеріміз ортамызда. Қиын-қыстау кезеңде алдыңғы шептеп табылған Сіздерге, оның ішінде ерекшеліктері шын жүректен алғыс білдіремін, – деген Қайрат Бектайұлы «Saryarqa» газетінің директоры-бас редактор Дархан Мұханға, «Дидар» телеарнасының шеф-редакторы Елдос Кокенов пен «Спорттық даму орталығы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Саят Балмағамбетовке, «Жылы жүрек» во-



лонтерлар тобының жетекшісі Әйгерім Тобашка медаль тақты.

Президент Жарлығына сай қаладағы эпидемиологиялық ахуал туралы халыққа нақты әрі дереу ақпаратты жеткізген БАҚ өкілдері мен карантинде маска тігіп, әлеуметтік жағынан аз қорғалған отбасыларға азық-түлік таратқан еріктілермен қатар,

тәулік бойы қоғамдық тәртіптің сақталуын қамтамасыз еткен жезқазғандық тәртіп сақшылары мен қарттар мен мүгедектерге арналған медициналық-әлеуметтік мекеменің кіші буын қызметкерлері де «Халық алғысы» медалімен наградалды.

Диана ОРАЗАЛИНА

COVID-19

«ЕКІНШІ ТОЛҚЫНҒА ДАЙЫНБЫЗ»

Күллі әлемді дүр сілкіндірген коронавирус пандемиясының бірінші толқынынан әлі айыға қоймаған көпшілік екінші толқын келе жатқанын естігенде қамданысқа кірісті. Маусым-шілдедегі дәрі таппай қаламыз дегендер дәріхана жағаласа, басқалары иммунитетін көтеруді қолға алды. Дұрыс-ақ... Дегенмен, өмір үшін күресте мамандардың да келесіне құлақ асқан артық етпейді. Сондықтан біз COVID-19 инфекциясымен бетпе-бет күрескен Қарағанды облыстық балалар клиникалық ауруханасы директорының медициналық қызмет сапасын бақылау жөніндегі орынбасары, қазіргі таңда Жезқазған қаласында ашылған жаңа инфекциялық орталыққа жетекшілік ететін жоғары санатты дәрігер – педиатр Қарлығаш ШАРИЯЗДАНОВАНЫ әңгімесе тарттық.

– Қарлығаш Сәдуақасқызы, мысты қалаға қош келдіңіз! Біздегі инфекциялық орталыққа шақырту алғанда көп ойлан-дыңыз ба?

– Мен осыдан 18 жыл бұрын «Науқастарға зиян келтіру мен қиянаттан бойымды аулақ ұстай отырып, бар шама-шарқыммен оларға пайданды тигіземін» деп Гиппократ антын бергенмін. Мен үшін науқастың денсаулығы мен өмірі – бәрінен жоғары. Сондықтан, ұсынысқа бірден келістім. Екіншіден, Жезқазған-Ұлытау аймағы мен үшін бөтен де емес. Сәтбаев қаласы – менің туған жерім.

– Бірінші толқынды ауыр індетпен күрескен дәрігерлердің шебінде сіздің болғаныңызды білеміз. Сол кезге оралсақ...

– Бірінші толқын (күрсінелі)...Қалалық көрсаталы балалар ауруханасының бір блогынан ашылған 130 орындық инфекциялық госпитальге жетекшілік ету маған тапсырылды. Біз 14 маусымда жұмысқа кірістік. Сол күннің өзінде 39 науқас баланы қабылдадық. Күніне 80 науқасқа дейін түскен кездер болды. Дәрігер, мейібікке мен кіші буын медицина қызметкерлерінен

құралған бригадада 14 күн сайын ауысып отырды. Біз қонақ үйлерге орналастырылып, туған-туыстарымыздан оқшауландық. Тіпті, керек-жарақ алу үшін дүкенге де бармайтынбыз. Кереметті жеткізіп беретін жүргізушіміз болды.

Әрине тосыннан келген індет қай-қайсымызға болсын оңай тимеді. 2019 жылы Қытайда алғаш рет тіркелген Covid-19 – жаңа инфекция. Оның емі әлі күнге дейін табылмады. Соған қарамастан, біз ел болып күрестік. Әлі де күресіп келеміз. Осы сәтті пайдалана отырып, алғына адал болған барлық әріптестеріме алғыс білдіргім келеді. Олар жеке басын қауіп-қатерге тігіп, өзгенің өмірі үшін арпалысқа түсті. Біздің госпитальдің өзінде қызыл аймақта жұмыс жасаған 3 дәрігер мен 5 мейібікке инфекция жұқтырып алды. Ауырғандардың қатарында өзім де бармын. «Құрысумен бала түсті» дегенді естіп, көмекке қорғаныш көздіріксіз жүгіріп шыққаным сол еді, вирус мені сұлатты. Білемін, кім өзімнен. Алайда, біздің істе минут емес 1 секундтың өзі маңызды.

►► 4-бетте

АЛТЫН ОРДА – 750

«ЕДІГЕ БАТЫР» ЖЫРЫН ЖАТҚА АЙТТЫ



Ұлық Ұлыс саналған Алтын Орданың құрылғанына 750 жыл толуына орай мысты шаһардағы С.Сейфуллин атындағы орталық кітапханада ерекше байқау ұйымдастырылды.



Тарихи деректерге сүйенсек, 1352-1419 жылдар аралығында өмір сүріп, 1380-1395 жылдары ел билеген Алтын Орда ханы Токтамыстың билік басына келуіне жәрдемші болған, онымен қоса Ноғай Ордасының негізін қалаушылардың бірі саналатын ержүрек қолбасшы, түменбасы Едіге батырдың сүйегі Ұлытауда қойылған делінеді. Оның бірден бір дәлелі – Ұлытау аймағындағы «Едіге тауы», «Едіге обасы» сынды тәу етер орындар мен күмбезді ескерткіштің болуы. Қан-құйлы соғыстарда жау алдына қасқая қарсы тұрып, батырлықпен шайқасын «Едіге деген ер екен, елдің қамын жер екен» дейтін өлең жолдары кездестіріп «Едіге батыр» жыры да айғақтайды.

Бүгінгі таңда 1400 жолдық Ш.Уәлиханов нұсқасы, 1500 жолдан құралған ноғай нұсқасы, 5000 жолдық башқұрт нұсқасы, 7000 жолдық татар нұсқасы және 13 680 жол мен 16 296 жолдан құралатын қарақалпақстандық Отензия жырау мен Қияс жырау нұсқасы, сондай-ақ, қызылордалық 5200 жолдық Нұртуған Кенжегүлдиннің нұсқасы бар жылды жезқазғандық өрендер де өз мәнеріне келтіре, көркем түрде әдебиетке жаны құмар көрермен көңіліне

тура жеткізе білді. Барлығы 11 оқушы бақ сынаған байқауға «Тілтану» оқу-әдістемелік орталығының басшысы, ақын, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ғазиз Ештанбаев, С.Сейфуллин атындағы орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің директоры Ғалия Түгелбаева, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Алмагүл Үмбетова, С.Қожамқұлов атындағы қазақ музыкалық-драма театрының труппа меңгерушісі Мира Сабырқызы және Жезқазған қаласы мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің әдіскері, Халықаралық театр сыншылары бірлестігі мен Қазақстан театрлар ассоциациясының мүшесі Бактияр Тұрсынов қазылық етті.

Кітапханаға келіп және «Zoom» платформасында өнер көрсеткен оқушылар арасынан № 13 ЖОББМ-нің оқушысы Сымбағұл Іңірбай жеңімпаз атанса, II орынды № 1 ЖОББМ-нің оқушысы Маржан Нұрмұхамедова, III орынды Жезқазған гуманитарлық колледжінің студенті Аруғұл Сембекқызы қанжығасына байлады.

Ақниет
ТАҒЫБЕРГЕН

ЖИІККЕ БАСТАР ЖОЛ ҮГІННЕН БАСТАЛАДЫ

Ардақ Мейірбекұлы ЖАРҚЫНБЕКОВ – С. Қожамқұлов атындағы Жезқазған қазақ музыкалық-драма театрының актері. Театрда 2009 жылдан бері еңбек етеді. Тағуда Қарағанды облыстық мәслихат депутаты, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі, меценат Бекзат Алтынбеков тағайындаған «Тұлға» сыйлығының ҚР еңбек сіңірген армисі Серік Бұлдақбаев атындағы сыйлығы «Өнер саласындағы іргелі жетістіктері мен кейіпкер образын сомдаудағы шеберлігі үшін» аталымы бойынша иеленді.

Ардақтың дүниеге келіп, есейіп ер жеткен өңірі – Ұлытау ауданының Сарысу ауылы. Орта мектепті де сонда бітірді. Кейін отбасы Жезқазған төңірегіндегі Талап ауылына көшіп келді. Ардақ Жезқазған гуманитарлық-индустриялық колледжіне оқуға түсіп, студент атанады. Алайда жүрек қалауынсыз түсе салған оқу орнын әрі қарай жалғастыруға көңілі соқпады. «Екі қолға – бір күрек» табылар деп, оқудан шығып, әр жұмыстың басын шалып көрді. Сүймеген, ынта-ықылас болмаған жұмыста қайдан береке болсын? Сөйтіп өзін қоярға жер таппай, әрі-сәрі болып жүргенде «сахна машинисі керек» деген хабарды естіп, театрға келеді.

Қаланың орталығында орналасқан осынау есенлігі ғимараттың ішіне бұрын-соңды еніп көрмеген екен, табалдырығынан имене аттады. Өзін бір өзгеше әлемге ең-

гендей сезінді. Бұрын сезінбеген, бұрын түйсінбеген ерекше сезім... Жолы болып, жұмысқа қабылданды. Қуанышында шек жоқ, бейне қарапайым жұмыскер емес, актер ретінде қабылданғандай сезінді өзін. Жұмысына құлшына кірісті. Сонау Талаптан келіп жүрсе де жұмыстан қалмайтын, кешікпейтін.

Спектакльге дайындық, не қойылым кезінде декорацияларды құрып-түсіріп жүріп, артистердің бар жан-тәнімен рөлге берілген ойындарын сахна сыртынан бақылап, қызықтайтын. Әшейінде көптің бірі сияқты ешкімнен өзгешелігі жоқ жандардың сахнада түрленіп, айбынданып, өзгеше мінез-кейіпке еніп кететін сипаттарына сүйсіне көз тастап, қайран қалатын. Сондайда өнер күдіретін, актерлік еңбектің ерекшелігін жүрегімен түйсінгендей болады.

Кейде режиссерлер бұларды – жұмы-

скерлерді де көпшілік сахнаға пайдаланатын. Спектакль соңынан артистермен қатар сахнаға шығып, көрмендердің қошеметін көрген кезде өзін бір басты не негізгі рөлді сомдаған сахна майталманындай сезінетіні де рас. «Өртіс болам» деген ой үш ұйықтаса түсіне кірмеген жастың өнерге деген махаббаты осылайша оянды. Оятқан – театр, сахна күдіреті. Театрдың ардагер әртістері мен режиссерлері де Ардақтың бойында маздап жанғалы тұрған өнер ұшқынын байқап, Жезқазған музыкалық колледжінің актерлік бөліміне түсуге кеңес береді. Осылайша Ардақтың өмірі күрт өзгерді, басқа арнаға түсті...

Өріптес ағаларының ақылымен Жезқазған музыкалық колледжіне құжат тапсырып, оқуға қабылданды. Оқи жүріп, театрдан қол үзбеді, жұмысын жалғастырды. Мұның өзі актерлік еңбектің қыр-сырына көзі қанығып, көңіліне тоқуына мүмкіндік берді.

►► 5-бетте

SARYARQA

«SARYARQA» аймақтық газетіне 2021 жылға жазылу басталды

Газетке бір жылға жазылу бағасы

Жеке тұлғалар үшін
Мекен жайға жеткізіп беру – 4 200 теңге;
Редакциядан келіп алу – 3 200 теңге;
Заңды тұлғалар үшін
Мекен жайға жеткізіп беру – 7 500 теңге;
Редакциядан келіп алу – 6 500 теңге.

«Сарыарқа газеті редакциясы» ЖШС
ТОО «Редакция газеті Сарыарқа»
БСН/БИН 050340007333
ЖСК/ИИК KZ098560000005225027
АО «Банк ЦентрКредит»

+7 (7102) 71 00 55, +7 (7102) 77 50 25

**ҚР ПАРЛАМЕНТ МӘЖІЛІСІ
және МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫ
САЙЛАУЫНА ҚАТЫСАТЫН
САЯСИ ПАРТИЯЛАРДЫҢ
НАЗАРЫНА!**

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңының 28-бабы 3-тармағына сәйкес, «Saryarqa» газетінің редакциясы ҚР Парламент Мәжілісі және мәслихат депутаттарының сайлауына қатысатын партиялардың (бұдан әрі – Партиялар) сайлауалды үгіт материалдарына ақылға негізде орын беретінін хабарлайды және сайлауалды үгіт материалдарының төмендегідей бағасы мен оларды газетке орналастыру шарттарын, орын беру тәртібін жариялайды:

- ақылға материалдың көлемі шаршы сантиметрмен есептеледі;
- газеттің бірінші бетіне орналастырылатын сайлауалды үгіт материалдарының көлемі 400 шаршы сантиметрден аспауы тиіс;
- партиялардың сайлауалды үгіт материалдарына орын беру материалдардың редакцияға келіп түсу ретіне қарай түзілетін кезек арқылы жүзеге асады;
- Партиялардың сайлауалды үгіт материалдарын орналастырудың әр шаршы сантиметрі үшін алынатын төлем мөлшері: **1-бет үшін – 250 теңге;** түрлі-түсті беттер үшін – **200 теңге;** ак-қара түсті беттер үшін – **100 теңге.**

«САРЫАРҚА ГАЗЕТИ
РЕДАКЦИЯСЫ» ЖШС

«SARYARQA» ГАЗЕТІН ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ДЕ
ОҚИ ЖҮРІҢІЗ!

FACEBOOK.COM/SARYARQAGAZETI/ T.ME/SARYARQA/
@SARYARQA_GAZETI WHATSAPP + 7 708 420 19 88

SARYARQA-AҚПАРАТ

ЕЛБАСЫНЫҢ ДӘРІСТЕР ЖИНАҒЫ ЖАРЫҚ КӨРДІ

ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың әлемнің жетекші университеттерінде оқыған дәрістер жинағы жарық көрді.



Жинақты Елбасы кітапханасы ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы кеңесінің басшысы, саяси ғылымдар докторы, профессор Махмұт Қасымбектің жетекшілігімен әзірлеген.

Онда Нұрсұлтан Назарбаевтың 1991-2018 жылдары отандық және шетелдік университеттерде, ғылыми орталықтар мен ұлттық академияларда оқыған дәрістері бар. Дәрістер мазмұны ұлттық және әлемдік тарихтың маңызды оқиғаларын қамтиды, өңірлік және жаһандық қауіпсіздіктің жаңа көріністері мен қазақ мемлекеттілігінің құрылуы мен дамуы жазылған.

Елбасының сарабал саясатының арқасында білім және ғылым саласы үлкен жетістіктерге қол жеткізді. Бүгін тұсауы кесілген дәрістер жинағында білім саласында жасалған барлық жұмыс пен мемлекетті дамыту туралы ақпарат бар. Бұл кітапты барлық оқу орындарына таратымыз. Мемнің ойымыша, жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламасы аясында да бұл кітапты қолдануға болады. Сондықтан біз үшін бұл – үлкен жұмыс, үлкен сенім, – деді ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов кітаптың тұсау-кесерінде.

Елбасы кітапханасының директоры Әмірхан Рахымжановтың айтуынша, ғылыми ізденіспен айналысып жүрген қызметкерлер соңғы 2-3 жылда 20-дан астам кітап шығарды. Оның көпшілігі Елбасы кеңесінің басшысы Махмұт Қасымбектің жетекшілігімен жарық көрген.

Қазақстанның жоғары оқу орындарына табыстау үшін бұл кітапты Әмірхан Рахымжанов Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетовке берді.

Болат ЖӘМІШЕВ «BANK RBK» АҚ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАҒАСЫ БОЛЫП САЙЛАНДЫ

Банк акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысында Директорлар кеңесі мүшелерінің шешімімен банктің тәуелсіз директоры болып Болат Жәмішев сайланды.



Банктің Директорлар кеңесінің басшысы ретінде жоғары мемлекеттік қызметтерде және қаржы саласында үлкен тәжірибесі бар Болат Жәмішев қаржы институтының стратегиялық дамуын қадағалап, оның елдегі ең тұрақты әрі сенімді банктердің бірі ретінде позициясын нығайттық.

Акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен банктің тәуелсіз директоры Торстен Полдың өкілеттігі де бір жылға ұзартылды.

Осылайша енгізілген өзгерістерге сәйкес, банктің Директорлар кеңесі келесі құрамда бекітілді: Болат Жәмішев (Директорлар кеңесінің төрағасы), Наталья Ахметиева, Мұсабек Әлімбеков, Болатбек Жайназаров, Торстен Пол (Директорлар кеңесінің мүшелері).

Болат Жәмішев экономика ғылымдарының кандидаты. Өр жылдары Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі төрағасының орынбасары, ҚР Қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігінің төрағасы, Еуразиялық даму банкі басқарма төрағасының орынбасары, ҚР Қаржы министрі, ҚР Өңірлік даму министрі, «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ Басқарма төрағасы қызметтерін атқарған. Сонымен қатар, оның квазимемлекеттік сектор компаниялары, даму институттары мен банк құрылымдарының директорлар кеңесінде де тәжірибесі мол.

eGov.kz АЛМАТЫ ТҰРҒЫНЫНА КӨЛІК НӨМІРІН ҮЙНЕ ЖЕТКІЗІП БЕРДІ

Қазақстанда көліктің мемлекеттік тіркеу нөмірін енді үйден шықпай-ақ алуға болады.

Бұл жақында ғана eGov.kz порталында қолданысқа енген кезең. Ол көліктің мемлекеттік нөмір белгісін және көлік құралын тіркеу туралы куәлікті үйге жеткізуді рәсімдеуге мүмкіндік береді.

Алматыда көлік нөмірін үйге жеткізуге тапсырыс берген, алғашқы адамға қызмет көрсетілді. Алматы қаласының тұрғыны Юлия Гладышева кезекті автокөлік саптып алып, пандемия кезінде көлікті қайта тіркеу үшін мамандандырылған Халыққа қызмет көрсету орталығына барғысы келмеген. Ол онлайн режимінде көлікті қалай қайта тіркеуге болатындығы туралы нұсқаларды оқып, тапсырыс берген.

Мен өмірімде алғаш рет мамандандырылған ХҚО-ға бармай-ақ автокөлігімді қайта тіркей алдым, тіпті дайын құжаттарымды да алдым. Сол күні нөмір мен техпаспорт менің қолымда болды. Осындай ыңғайлы қызмет үшін рахмет. Мен барлық автокөлік иелеріне осылай жасауға кеңес берер едім, – дейді Юлия Гладышева.

Ол үшін «Электрондық үкімет» порталында «Көлік және коммуникациялар» бөлімінің «Автомобиль көлігі» тармағында «МТНБ (мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісі) және КҚТК-ны (көлік құралын тіркеу туралы куәлік) үйге жеткізу» қызметін таңдап, авторизациядан өту және оған тапсырыс беру қажет.

Бұл жерде қажетті деректерді толтырып, тұрғылықты мекенжайын көрсетіп, қызметке ақы төлеу жеткілікті. Қызмет құны – 2240 теңге. Осыдан кейін мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісі мен көлік құралын тіркеу туралы куәлікті МХҚО қызметкерінің үйге жеткізіп беруін күтесіз. Дайын мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісі мен көлік құралын тіркеу туралы куәлікті жеткізу қызметі бір елді-мекен шегінде, мамандандырылған ХҚКО бар қалалардың, облыс орталықтарының, аудан орталықтарының тұрғындарына қолжетімді екенін атап өткен жөн, – дейді «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы КЕАҚ Алматы қаласы филиалының PR-менеджері Жаңыл Әпетова.



САРАНДА ШИНА ЗАУЫТЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛАДЫ

Ресейлік «Татнефть» компаниясы Қарағанды облысында автокөлік шинасын шығарады. Саранда жаңа зауыт салынады. Автомобиль кластері бұрынғы РТБ зауытының аумағында құрылады.



Қазірдің өзінде ауқымды жобаны іске асыру бойынша жол картасы әзірленді. Зауыт құрылысын 2021 жылдың наурыз айында бастау жоспарланып отыр.

Ұйымдастыру мәселелерін шешу үшін Қарағандыға «Татнефть» компаниясының бас директоры Наиль Маганов бастаған делегация келді. Инвесторлар Саран қаласының құрылыс алаңына барып, облыс әкімі Жеңіс Қасымбекпен кездесті.

Біз бұл жобаны сапалы және мерзімінде жүзеге асыру үшін ең жақсы ресурстарды жібереміз. Қазақстанның, атап айтқанда, Қарағанды облысының автомобиль өнеркәсібін дамытуға өз үлесімізді қосуға дайынбыз. Жоба жаңа жұмыс орындарын ашу, импортты алмастыру және экспорттық әлеуетті қамтамасыз ету сияқты өлшемдерге сәйкес келеді, – деп атап өтті Наиль Маганов.

Компания өкілдері өңірдің инвестициялық климатын жоғары бағалады. Жеңіс Қасымбек инвестициялық келісім аясында алынған барлық міндеттемелер орындалатынына сендірді. Зауыт құрылысына жер телімі берілді. Инфрақұрылымды жүргізу басталды. Бірлескен кәсіпорынның қатысушысы «Сарыарқа» ӨКК болады.

Бұл – біздің облыс үшін жаңа бағытты дамытуға мүмкіндік беретін маңызды жоба. Біз тек инвестицияларға ғана емес, сіздердің тәжірибелеріңізге де қызығушылық танытамыз. Мыңнан астам жаңа жұмыс орыны ашылады. Ресей аймақтарымен біз көптеген салаларда белсенді жұмыс істейміз. Облыста 891 бірлескен кәсіпорын жұмыс істейді. Биыл Ресей Федерациясымен тауар айналымы 1 млрд АҚШ долларынан асты, – деп атап өтті Жеңіс Қасымбек.

Инвестицияның жалпы көлемі – шамамен 111 млрд теңге. Қарағанды облысындағы зауытта климат ерекшеліктерін ескере отырып, Made in Kazakhstan шинасының жаңа түрі шығарылады. Жоба 2022 жылы іске қосылады деп күтілуде. 2025 жылға қарай жобалық қуаттылыққа пығып, жылына 3 млн жеңіл шина мен 0,5 млн жүк шинасын шығару жоспарлануда. Өнім ішкі нарыққа және таяу шетелдерге экспортталады.

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСТЕ

ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР ҚОЗҒАЛДЫ

Қоғамдық кеңестің кезекті отырысына Жезқазған қаласының әкімі Қайрат Әбсаттаров пен қалалық мәслихаттың хатшысы Советбек Медебаев қатысты. Күн тәртібіне шығарылған алғашқы мәселе бойынша мінберге көтерілген қалалық құрылыс бөлімінің басшысы Мәруа Келмағанбетова ауыз су құбырларының жайы және құрылысы аяқталған объектілерді пайдалануға беру барысын баяндады.



Бүгінде Жезқазғандағы жалпы ұзындығы 399,5 шақырымды құрайтын су құбырлары желілерінің 72 пайызы тозғаны белгілі. Тозығы жеткен құбырларды жанарту Өңірлерді дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы аясында мүмкін болып отыр. Халықты сапалы ауыз сумен тиімді және ұтымды қамтамасыз етуді міндет еткен бағдарлама шеңберінде биыл жалпы құны 4,1 млрд теңге болатын төрт жоба қолға алынды. Оның ішінде екі жоба – 2017 жылдан бері іске асырылып жатқан қала ішіндегі су құбырларын қайта құрылымдаудың 2 және 3-кезегі. Қалған екеуі 2019 жылы басталған қала ішіндегі су құбырларын қайта құрылымдаудың 1 кезегі мен шаруашылық ауыз су тазарту ғимараттарын қайта құрылымдау. Екі жылдың ішінде 2, 3 кезек бойынша жалпы ұзындығы 224,7 км желі жаңартылса, биылға жоспарланған 94,1 км су құбырының 45,3 км ауыстырылған.

Қоғамдық кеңес мүшелері тарапынан 2021-2022 жылдары толық аяқталатын қала ішілік су құбырларын ауыстыру жұмыстарына қатысты көп сын айтылды. Мердігер жұмысының сапасын бақылайтын техникалық қадағалаудың мамандары өз міндеттерін тиісінше атқармайтыны жария болды. Осы ретте қала басшысы Қайрат Бектайұлы жауапсыз техникалық қадағалау мамандарын келесі жобаларға қатыспайтындай шара қолданылатынын айтты.

Қоғамдық кеңестің бюджет және аумақтық дамыту жөніндегі комиссиясының төрағасы Дархан Мұхан қалада жаңар-

тылып жатқан ауыз су құбырлары жұмыстарындағы олқылықтарды тізіп, бюджет қаржысы мақсатты жұмсалғанына күмән келтірді. Сапасыз жұмысқа көңілі толмайтын әлеуметтік желі қолданушыларының пікірлерін мысалға келтірген ол санитарлық аймақ саналатын 5-ауданға ауыз су құбырын тарту қаншалықты дұрыс деген сұрақ қойды. Жоғарыда аталып кеткен бағдарлама бойынша сол аймақта салынған ауыз су құбырларының дені бүгінде ұрланғанын жеткізген Дархан Қабылдашулы мемлекеттік мекеме басшылары тұрғындар мен қоғам белсенділерінің сұрақтарын көп жағдайда жауапсыз қалдыратынын алға тартып, аталған бағдарламалардың орындалысын бақылауға қоғам мүшелерін тартуға шақырды.

Бүгінде жаңадан тартылған 80 км ауыз су құбырының 5,6-шағын аудандар және 63-66-орамды қамтитын 40 шақырым қарашаның соңына дейін іске қосылатынын жеткізген Мәруа Көңілбайқызы берілген ескертулерді назарға алды. Отырыста сөз алған қоғамдық кеңестің мүшесі Валентин Куприянов иесіз қалған ауыз су, жылу мен кәріз жүйелерінің, сондай-ақ электр желілері проблемасын кө-

Диана ОРАЗАЛИНА

ҚЫСТЫҢ ҚАМЫ

ДАЙЫНДЫҚ ПЫСЫҚТАЛДЫ

Жезқазған қаласы төтенше жағдайлар басқармасының мамандары БАҚ өкілдерімен кездесіп, қысқа дайындық жұмыстарын баяндады.

– Біз Жезқазған қаласы әкімдігімен бірге қысқа дайындық жұмыстарын пысықтадық. Ойламаған жерден әр түрлі төтенше жағдайлар орын алуы мүмкін. Табиғат құбылыстарына да сенім жоқ. Бүгінгі таңда төтенше жағдайларға 24 қызметкер мен 12 техника дайын. Республикалық Қызылорда-Павлодар тас жолы бойынан қар қалың түсетін 11 учаске анықталды. Сондай-ақ Қарағанды тас жолындағы «Нұртай» кафесі мен Қызылорда бағытындағы «Жұлдыз» кафесінің де қысқы жылыту маусымына дайындығы тексерілді. Қысқы мерзімге арналған 17 жол белгісі қойылды. 900 тонна құм мен 22 тонна техникалық тұз және 114 қар қалқаны әзірленді, – дейді басқарма бағытының орынбасары, подполковник Сұлтан Ахметов.

Бүгінде қала бойынша 4589 жер үй болса, оның 1835-от жағдай. Ал қалғаны орталық жылу жүйесіне қосылған.

– Қыркүйек айындағы бақылау жұмысына сәйкес әлеуметтік осал топқа жататын



104 тұрғынның үйіне бақылау жасалған болатын. 47 үйде өрт қауіпсіздігі сақталмаған болып шықты. Негізгі өрт шыққан үйлердің көбі жылыту құралдарын қолданған болып шығады. Тілісіз жаудың тырнағына іліккен тұрғындардың көбі қарапайым қауіпсіздік ережелерін сақтамайды, – деген Жезқазған қаласы төтенше жағдайлар басқармасының бас маманы, азаматтық қорғау майоры Ди-

дар Күйкабас әкімдік және басқарманың басшылығымен әлеуметтік осал топқа жататын тұрғындардың үйлеріне улы газдан сақтайтын 12 дабылқақшы орнатқанын жеткізді. Алдағы уақытта тағы 5 отбасыға көмек көрсетілмек.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

МАҚСАТ – ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АХУАЛДЫ ОҢАЛТУ

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі жанындағы Айгүл Соловьева бастаған Арнайы мониторинг тобы мен Қазақстанның экологиялық ұйымдары қауымдастығы өкілдері Жезқазғандағы жұмыс сапарымен болды.

Топпен бірге облыстық экология департаменті, табиғатты пайдалану басқармасы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің облыстық департаменті басшылары да келді. Қалалық әкімдікте өткен жынды ашқан Жезқазған әкімі Қайрат Әбсаттаров топ мүшелерінің жұмысына сәттілік тілеп, өңірдегі қордаланған мәселелерді шешуде қоғамдық бақылаудың маңызы зор екенін баса айтты.

– Мониторинг топтарының жұмысы қолға алынып жатқан жобалардың тиімді жүзеге асуына ықпал ететін болады. Қалада экологиялық ахуалды оңалтуға бағытталған

бірқатар жобалар бар. Атап айтқанда, қатты тұрмыстық қалдықтарды өңдейтін зауыт құрылысы жоспарланып отыр. Зауыт іске қосылғанда қаладағы қоқыс полигоны «KazEnergy» компаниясының басқаруына беріледі. Сонымен бірге, санитарлық аумақ саналатын 5-аудан мен, 1,2,3-ауыл тұрғындарын көшіру жоспарланып отыр. Бұл мәселені шешуде «Қазқымс» корпорациясының қолдауы маңызды, – деді қала әкімі.

Жынды халықты сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету, кәріз тазалау жүйесін құру сынды экологиялық ахуалды жақсар-

туға бағытталған бірқатар жобаларды жүзеге асыру жайы сөз болды.

Топ мүшелері Жезқазған мыс зауытында болып, ондағы экологиялық талаптарды қанағаттандыру бағытындағы жұмыстармен, алдағы жоспарлармен танысты. Жезқазғандағы ауыз су тазарту мекемесін қайта құрылымдау жобасы да топ мүшелерінің назарынан тыс қалмады.

Елордадан келген топ сонымен бірге, қалалық қоқыс полигоны, Кеңгір су қоймасының, Ұйтас-Айдос су құбырының жағдайымен де танысты.

Өз тілшіміз

САЙЛАУШЫЛАР ТІЗІМІНЕН ӨЗІҢІЗДІ ТЕКСЕРІҢІЗ!

2021 жылдың 10 қаңтарында Парламент Мәжілісі мен барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының сайлауы өтеді. Жезқазған қаласының тұрғындары өздерін сайлаушылар тізімінен осы мақсат үшін арнайы құрылған сайттан тексере алады sailau09.kz.

Егер интернет арқылы өзіңізді сайлаушылар тізімінен тексеру мүмкіндігі болмаса, дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 09.00-ден 13.00-ге дейін, сағат 14.30-дан 18.30-ға дейін мына нөмірлер бойынша хабарласа аласыз: 736608, 734982, 734292, 734358. Опера-

торға өзіңіздің ЖСН немесе жеке куәлігінің нөмірін жаздыруы қажет. Мұнда сізге сайлау учаскесінің қайда екендігі туралы айтылады.

Орталық сайлау комиссиясы қазақстандықтарды азаматтық ұстаным танытуға және алдағы сайлауға жауапты қатысуға шақырады.

Естеріңізге сала кетейік, дауыс беру кезінде 18 жасқа толған азаматтар белсенді сайлау құқығына ие.

ҚАЛАЛЫҚ ӘКІМДІКТЕ

Өткен сенбиде қала әкімдігінде коммуналдық шаруашылық мәселелеріне арналған жиын өтті. Жиынға мүдделі мекемелер мен БАҚ өкілдері ZOOM бағдарламасы арқылы қосылды.

Күн тәртібінде қаралған мәселенің бірі жылу құбырларының жалпы жағдайы мен олардың қапталуы болды. Аталған мәселе бойынша «Жылумен, сумен жабдықтау кәсіпорны» АҚ директоры Ахметулла Мырзаліевтің баяндамасы тыңдалды.

Жыл басынан бері жылу желілерін қайта құрылымдау және жаңғырту бағдарламасының 1-кезеңі бойынша жылу құбырлары біздің кәсіпорнның күшімен және әкімдік бағдарламасы бойынша күрделі, ағымдағы жөндеуден өтіп жатыр. №9 жылу магистралінің 4 шақырымы, №3 жылу магистралінің 1 шақырымға дейін бөлігі күрделі жөндеуден өтіп, сырты қапталды. Екінші кезең бойынша №3 және №11 магистраль жөндеуде. Жылу беру маусымы басталғаннан бері 700 метрден астам құбырдың жылу оқшаулау жабындысын ауыстырды, – деген Ахметул-

ҚАПТАЛМАҒАН ҚҰБЫР ҚАЛМАУЫ КЕРЕК

ла Жанахметұлы әкімдік тапсырысымен жаңартылған құбырларды қаптау жұмысы кешеуілдеп жатқанын, сонымен бірге, кәсіпорын балансына алынбаған құбырлардың да жағдайы мез еместігін алға тартты.

Әкімдік бағдарламасымен тартылған құбырлардың 2120 метрі әлі қапталмады. Ал, Пристанционный, Қостанкелдсай, Бекболатсай, 79-орамдардағы «иссіз» құбырлардың 80 пайызы қапталмаған. Жергілікті ақпарат құралдары арқылы жеке нысандардың құбырларын қаптау туралы хабарландыру жариялады. Жұмыс әлі де кешеуілдеп жатыр, – дейді ол.

Кәсіпорын басшысының айтуынша, қаладағы магистральды жылу құбырларының әлі 3 шақырымнан астамын қаптау керек. Келесі жылы «ЖСЖК» АҚ тағы 37 шақырым құбырды жөндеп, қаптамақ.



Жиында сонымен бірге Жылу энергия орталығының директоры Мадияр Алтыбаев та сөз алып, қалаға жылу беру процесін егжей-тегжейлі түсіндірді. ЖЭО басшысы өз сөзінде ыстық су сапасы үшін жылу беру маусымына дайындық кезіндегі шаю, қысыммен тексеру жұмыстарының дер кезінде өтуі маңызды екенін айта келе, қаладағы құбырларды жылу маусымы аяқталысымен шаю, тексеру жұмысын бастауға ұсыныс енгізді.

«ЖСЖК» АҚ басшысының баяндамасын тыңдаған қала басшысы Қайрат Әбсаттаров құбырлардың арнайы бекітілген ұралар арқылы жер астымен емес, жердің үстімен тартылуы әдетке айналып бара жатқанын, бұл да өз кезегінде жылу «жоғалтуға» себеп болатынын сыға алды. Қайрат Бектайұлы сонымен бірге, әрбір жөндеу жұмысынан кейінгі тазалық, ұқыптылық мәселесіне де мән берді.

Өз тілшіміз



ҚАРАУСЫЗ ҚАЛҒАН ЖЕЛІЛЕР

Әкімдіктегі жиында сөз болған келесі мәселе – қараусыз қалған құбырлар мен электр желілері.



«Қараусыз қалды» дегенде мүлдем керексіз болып жатқан құбыр да, электр желісі де жоқ. Барлығының бойынан су, электр энергиясы жүріп жатыр. Тек, қызмет көрсетуші мекемелердің балансына өтпеген. Сондықтан, апатты көрсетуші мекемелердің балансына өтпеген. Сондықтан, апатты көрсетуші мекемелердің балансына өтпеген. Сондықтан, апатты көрсетуші мекемелердің балансына өтпеген.

Жезқазған қаласы әкімінің орынбасары Қайрат Бапановтың мәліметінше, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, автокөлік жолдары және жолаушылар тасымалы бөлімінің балансына жалпы ұзындығы 74 км электр желісін қабылдау керек. Бұл туралы сот шешімі осыдан 3 жыл бұрын, 2017 жылғы 1 маусымда шығып қойған. Әкім орынбасары қазір қажетті құжаттар әзірленіп жатқа-

нын айтады. Жақында 25 км электр желісі «Kazakhstan Distribution» ЖШС электр желілері кәсіпорнына тапсырылмақ.

Сонымен бірге, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, автокөлік жолдары және жолаушылар тасымалы бөлімінің коммуналдық меншігіндегі су, кәріз және жылу құбырлары «ЖСЖК» АҚ балансына берілмек. Жыл соңына дейін осы кәсіпорынға 66,4 км құбыр тапсырылады деп жоспарланып отыр. Қазір Кенгір, Талап ауылдарындағы құбырларды бағалау жұмысы жүріп жатыр. Сонымен бірге, Қорғанбай, Талап, Малшыбай, Кенгір ауылы мен Мамажанов көшесіндегі жылу желілерін «ЖСЖК» АҚ-ға беру туралы қаулы жобасы әзірленген.

Жомарт ТАЙМАС

ЖҰМЫС САПАСЫ – МАҢЫЗДЫ

2017 жылдан бастап қалада ауыз су құбырлары ауыстырылып жатқаны белгілі. Республикалық бюджет қаражатынан жүзеге асып жатқан бұл жобалар үш кезеңге бөлініп, 2022 жылға дейін жалғасады.

Бірінші кезең бойынша «Оңтүстік», «Солтүстік», «Жаңа солтүстік» су құбырлары сияқты негізгі желілер жаңартылса, екінші кезекте қалаішілік ауыз су құбырлары, үшінші кезекте орамшылқ су құбырлары ауыстырылып жатыр. Бүгінде Пристанционный, Аварийный, 1,2-ауыл тұрғындары жаңа желіден су ішіп отыр.

Қайта құрылымданатын қалаішілік су құбырлары 1, 2, 3-кезек жобаларының жалпы ұзындығы 224,7 км құрайды, оның ішінде магистральды су құбыры – 21,1 км., ішкі желілер – 203,6 км. 2017-2019 жылдар аралығында 1,2,3-кезек бойынша құны 2,5 млрд.тенге құрайтын ұзындығы 80,4 км ауыз су құбырлары қайта құрылымданып, жұмыстар толығымен аяқталды. Тек биыл бөлінген

қаражат (3,42 млрд. тт) есебінен 96,6 км су құбырын салу жоспарланған. Есепті кезеңге орындалысы – 45,3 км. Жобалардың аяқталу мерзімі – 2021-2022 жылдар, – деді осы мәселе бойынша баяндама жасаған Жезқазған қаласы құрылыс бөлімінің басшысы Мәура Келмағанбетова.

Қала әкімі Қайрат Әбсаттаровтың тапсырмасымен осыған дейін тартылған су құбырларын қосу жөнінде жұмыс кестесі әзірленген.

Бірінші кезекте Сарыарқа көшесімен өтетін «Оңтүстік» су желісі қосылды деп жоспарланып отыр. Екінші кезекте 5,6-ықшамаудандардағы құбырларды іске қосуға дайындық пысықталып жатыр. Үшінші кезекте, 61, 62, 63,

64, 65, 66-орамдарды қосу міндеті тұр, – деді М. Келмағанбетова.

Қала басшысы Қайрат Әбсаттаров жаңадан тартылған құбырлардың сапасын «ЖСЖК» АҚ мамандарымен бірге тексеріп, құбыр қосылғаннан кейін апатты жағдайларды болдырмаудың қамын жасауды қатаң тапсырды.

Құбырлар сапасыз тартылған болса, онда оны жөндеу, қалпына келтіру – мердігерлердің мойнында. Қарашаның соңына дейін біз дайын болған жаңа құбырларды кезең-кезеңмен желіге қоса бастаймыз, – деді жиында қорытындылаған қала басшысы Қайрат Әбсаттаров.

Дархан МҰХАН

АУЫЛДАҒЫ ЖАҢАРУ

Биылғы жыл біздің ауыл үшін қуанышты сәттермен есте қаламақ. Оған себеп – 2020-2021 жылдарға арналған «Жұмыспен қамтудың жол картасы» мемлекеттік бағдарламасы аясында Теректі елді-мекеніндегі «Жас терек» ауыл клубының күрделі жөндеуден өтуі.

Қазіргі таңда ауыл клубы заман талабына сай жаңартылған. Жаңа ғимаратта әртүрлі мәдени, рухани кештер мен іс-шараларды ұйымдастыруға қолайлы жағдай жасалған. Көрермен залы мен сахнасы кеңейтіліп, клуб ішінде кітапхана, медпункт және үйірме бөлмелері жаңартылып, қолданысқа берілді. Есік, терезе мен едендері ауыстырылып, шатыры жөнделеді. Сонымен бірге, 70 орынға шақталған көрермен залына жаңа орындықтар қойылып, сахна мен оның шымылдығы жаңартылды және безендіріледі. Бұған дейін пешпен жылытылатын клубтың сыртына қазандық орнатылып, кәріз жүйесі тартылды. Мүмкіндігі шектеулі ауыл тұрғындарының мәдениет ошағына еркін кіріп, шығуына жағдай жасау да назардан тыс

қалмағанын айта кеткен жөн. 2009 жылы осы мемлекеттік бағдарлама шеңберінде клубтың маңайы абағандырылып, қоршалған болатын. Биылғы күрделі жөндеу кезінде сол қоршаулар да ағымдағы жөндеуден өтеді. Осылайша мемлекеттік бағдарлама 70 жылдай жөндеу көрмеген мәдениет ошағының бойына қан жүгіртіп, жаңа кейіпке енді.

Жезқазған қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің тапсырысымен күрделі жөндеу жұмыстарын мердігер «Атакент – ТТС» ЖШС жүргізді. «Қазақ еліне танымал, композитор әрі онші Жаксыкелді Сейілов ағамыздың талай ән шырқаған мәдени ошағын күрделі жөндеуден өткізу – мен үшін үлкен бақыт» деген компания басшысы Тілеукабыл Такесев бастаған 10 жү-



мыскер өзіне жүктелген міндеттерді сапалы әрі уақытты аяқтады.

Халық игілігіне қызмет ететін ауыл клубының көркеюіне мұрындық болған мемлекеттік «Жұмыспен қамтудың жол картасы – 2020» бағдарламасын жүзеге асыруға үлес

қосқан жергілікті атқарушы орган мен мердігер компания жұмыскерлеріне Теректі тұрғындары атынан зор алғыс білдіреміз.

Қаныш ҚАРАЖІПТОВ,
«Жас терек» ауыл клубының
менгерушісі



Covid-19 екінші толқынына дайындық барысында Президенттің тапсырмасына сәйкес 13 өңірде бой көтеруі тиіс модульді инфекциялық аурухананың біреуі Жезқазғанда да пайдалануға берілді. Заманауи медициналық орталықтың ашылуына қала әкімі Қайрат Әбсаттаров арнайы барды.

ИНФЕКЦИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҚТЫ АРАЛАДЫ



Модульдік аурухананың ашылуына сондай-ақ, Жезқазған қалалық мәслихаттың хатшысы Советбек Медебаев пен Қарағанды облыстық мәслихатының депутаты, «Nur Otan» партиясы «Қазақмыс» корпорациясы ЖШС жанындағы Қарағанды филиалы төрағасының бірінші орынбасары Бауыржан Шыңғысов та қатысты.

Алғашқыда облыс орталығында салынады деп жоспарланған госпитальдің мысты өлкеде бой көтеруіне Қарағанды облысының әкімі Жеңіс Қасымбек қолдау білдіргенін айтқан қала басшысы білікті мамандарымен толыққанды, қажетті медициналық аппараттармен жабдықталған инфекциялық орталық халық игілігіне қызмет ететініне сенім білдірді.

Көпбейінді ауруханаға қарасты 200 орынға шақталған инфекциялық орталықтың ішін аралатқан госпитальдің менгерушісі Қарлығаш Шариязиданова:

Орталық екі бөліктен тұрады. Бірінші бөлікте ауру жұқтырған науқастар жатса, екінші бөлікте тек қана медициналық қызметкерлер жүреді. Бұл ұжымды ауырып калуудан сақтайды. Орталықта науқастарға барлық жағдай жасалған. Көріп тұрғандарыңыздай әр науқастың қызығуына өтпегі келіп тұр. Гемодиализ аппараты да орнатылған. Бізде науқастарды бейнебақылау камералары арқылы қадағалап отыру мүмкіндігі бар. Одан бөлек дәрігер не медбичінің көмегін қажет еткен науқастар дабыл түймесін пайдалана алады, – деді.

Коронавирус жұқтырғандар қызыл аймақта емделеді. Әр алты сағат сайын ауысып тұратын медицина қызметкерлерінің таза аймаққа шықпас бұрын қорғаныш костюмдерін залалсыздандыратын, жуы-

нып-шайынатын, тынығатын орындары да ойластырылған. Қызыл аймақтағы палаталардың терезелері ауа өткізбейді. Бұл іштегі вирустың сыртқа тарауына мүмкіндік бермейді. Ауаны ылғалдандырып, тазартып тұратын арнайы желдету сүзгілері орнатылған.

Науқастарды жеткізген жедел жәрдем көлігін залалсыздандыру орны, вакуум мен газ қоймасы, қазандық, мейітхана мен медициналық қалдықтарды зарарсыздандыратын қосалқы ғимараты бар жаңа госпитальде ПТР тестілеудің зертханасын ашуға да мүмкіндік бар. «Қазіргі таңда сынамалар Жезқазған медициналық орталығынан ашыған зертханаға жөнелтіледі. Тәулігіне 540 сынаманы талдауға қауқарлы зертхананың қуатын облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының тапсырмасы бойынша 1000-ға дейін арттыру көзделіп отыр. Зертхананы кеңейту бойынша келіссөздер басталып та кетті. Медициналық орталықтың басшылығы «Қазақмыс» корпорациясының демеушілігімен Оңтүстік Кореядан зерттеу аппараттарын сатып алуды жоспарлап отыр. Инфекциялық орталық базасынан ПТР зертханасының ашылатын күні алыс емес», – деген денсаулық сақтау басқармасының Жезқазған аймақтық өкілдігінің басшысы Ләззат Ранова Жезқазған қаласында қызмет ететін 9 жедел жәрдем көлігі тағы 4 жаңа көлікпен толығымен жеткізді.

Маңайы абағандырылып, қорғандандырылған жаңа инфекциялық орталықтағы жағдаймен жіті танысқан қала басшысы ақ халаттылардың қызметкерлерінің таза аймаққа шықпас бұрын қорғаныш костюмдерін залалсыздандыратын, жуы-

Диана ОРАЗАЛИНА

ТЕРЕКТІДЕГІ МЕКТЕП

«Жұмыспен қамтудың жол картасы» аясында салынуда



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен қабылданған «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасын жүзеге асыруға 1 трлн теңге бөлінгені белгілі.

Әлеуметтік-мәдени, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық нысандарды, инженерлік-көлік инфрақұрылымын күрделі және ағымдағы жөндеу, реконструкциялау және салу, елді-мекендерді абаттандыру бағыты бойынша ел аумағында 6 107 жобаны іске асырып, 255 мың жұмыс орын ашу жоспарланған. Бүгінде 150 мыңға жуық адамды жұмыспен қамтып үлгерген мемлекеттік бағдарлама шеңберінде Қазақстан бойынша 80 жаңа мектеп құрылысы басталды. Бұл өз кезегінде апатты және үш ауысымды мектептердің мәселелерін шешуге, ауылдық жерлерде білім беру орындарына қолжетімділікті арттыруға, сондай-ақ 7 мыңға жуық мұғалімді тұрақты жұмысқа орналастыруға мүмкіндік береді. Осындай зор қолдаудан теректіліктер де құр қалмады. Стансада жаңа мектептің құрылысы жүріп жатыр.

80 оқушыға шақталған мектеп құрылысына тапсырыс беруші – Жезқазған қаласының құрылыс бөлімі. Құрылыс құны – 76855226,1 теңге, биыл құрылысқа республикалық бюджеттен 500 млн теңге бөлінген. Бүгінде мердігер компания «Балхашпром-техстрой» ЖШС 36,540 млн теңгеге құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізіп, мектеп учаскесін толықтай құрылысқа дайындаған. Құрылыс алаңында В, Г корпустарының қанқасын орнату, ең төменгі еден қабатын тегістеу жұмыстарына 5 арнайы техника жұмылдырылған.

«Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасының инфрақұрылымдық жобаларын іске асыру кезінде отандық өндірушілердің кемінде 90% тауарлары мен қызметтерін қолдануды қамтамасыз ету ерекше шарт болып табылады. Сондай-ақ, жұмысшылардың кем дегенде жартысы халықты жұмыспен қамту орталықтары арқылы алынғаны тиіс. Барсымдық жұмысыз жүрген жастарға беріледі. Осы ретте мердігер отандық

өндірушілердің құрылыс материалдарының алғашқы легін 300 дана іретас блогын, 20 м³ ағаш қалып құрылымына мен 15 тонна 14 мм диаметрі арматура, 300 тонна силикат кірпішін жеткізген. Жаңа мектептің құрылысына жұмыспен қамту орталықтарында жұмыссыз деп тіркелген 63 тұрғынды қабылдау жоспарланса, қазірдің өзінде 21 азамат еңбекке араласқан.

2021 жылдың желтоқсанында құрылыс аяқталуы тиіс білім ошағы екі қабаттан тұрады. Бірінші қабатта вестибюль, гардероб, ем-шар бөлмесі бар медициналық кабинет пен күзет бөлмесі, қабылдау, директор мен оның құрметіне ісі жөніндегі орынбасарларының кабинеттері және технология сабағы орындар да болады. Ал, екінші қабатта химия, биология, физика, информатика, алғашқы әскери дайындық пәндерінің кабинеттері мен мультимедиялық класс, мұғалімдердің әдістемелік кабинеті, сондай-ақ, логопед пен психологтың кабинеті мен бухгалтерия орналасады. Мектептің ауласы абаттандырылып, жасыл желектендіріледі. Бастауыш сынып оқушыларына арналған ойын алаңының бірге жекелеген футбол, волейбол мен баскетбол алаңдары салынады. 72 орынға арналған асхана, әнішілік мен ақтерлік шеберлікке баулитан үйірме сыныптары да мектеп жобасында бар.

Естеріңізге сала кетсек, «Жұмыспен қамтудың жол картасы – 2020» бағдарламасы шеңберінде Жезқазған қаласында 40 жоба қолға алынып, оның 28-і толық аяқталған. Жұмыспен қамту орталығы арқылы жұмысқа орналастырылған 528 тұрғынның 228-і – жастар.

Бота ШАЛҚАР

COVID-19

«ЕКІНШІ ТОЛҚЫНҒА ДАЙЫНБЫЗ»

(Соңы. Басы 1-бетте).

— Осы күнге дейін **коронавирус жұқтырған балалар жайында аз айтылып келеді. Бірінші толқында қанша бала ауыры?**

— Қарағанды облысында балалар бойынша есепті өзім жүргіздім. Бізде барлығы 1800 балада осы инфекция анықталды. Бір қуанғарлығы, балалар арасында өлім жағдайы тіркелмеді.

— **КВИ диагнозы қойылған балаларға қандай белгілер тән?**

— Бізге түскен балалардың симптомдары әр түрлі. Тамақтың қызаруы, дене қызуының көтерілуі, мұрынның бітуі сынды белгілер көбіне ортақ. Бірақ, балалардың тағы бір тобы іш өту мен құсу белгілерімен түсіп жатты. Бастапқыда оларды уланды деп жеткізетін. Ауруханаға түскен бетте алынған ПТР сынамаалары оң нәтижесін бергенде, КВИ-дің әр организмге әр түрлі әсер ететінін білдік. Сондықтан, еліміз бойынша инфекцияны емдеудің хаттамасы қайта-қайта өзгеріп отыр. Емдеу хаттамасы 9 мәрте ауысты.

қажет. Ол үшін той-домалақтан, жиындардан, адам көп шоғырланатын орындардан бас тарту керек. Дәруменге бай тамақтарды ішіп, ұйқыға мән беру, таза ауада серуендеу, спортпен шұғылдану, салауатты өмір салтын қалыптастыруға көңіл бөлу керек.

— **Қандай жағдайда үйде емделуге болмайды?**

— Ауруға шалдыққандардың көбі аурухананың төрт қабырғасына камалмай, үйінде ем алғысы келеді. Сөйтіп, антибиотиктердің денсаулыққа зиян екенін біле тұра өз бетінше қабылдай бастайды. Өз-өзіне тағайындап ішкен дәрілер иммунитетті одан сайын әлсіретіп, жағдайды ушықтырады. Сол себепті үйде емделуді бастамас бұрын міндетті түрде дәрігердің кеңесін алу керек. Ол өз кезегінде аурудың қандай жағдайда өтіп жатқанын, қандай деңгейде екенін анықтап, қосымша анализ бен рентгенологиялық зерттеулер жасап, содан кейін барып, нақты дәрілерді тағайындайды. Тағы да қайталап айтамын, коронавирус жұқтырғандарға ан-



дер кезінде медициналық көмек берілді деп сендіре аламын.

Жезқазғанның инфекциялық орталығына Қарағандыдан 16 дәрігер келді. Олар – кардиология, неврология және эпидемиологиядан білімі бар пульмонолог, реаниматолог, инфекционист, педиатр мен терапевт. Қажет болған жағдайда Қарағандыдан тағы 10 дәрігер шақырғамыз. Олармен келісім жасалып та қойды. Бүгінгі таңда біздің госпитальде 23 адам ем қабылдап жатыр. Оның үшеуі жансақтау бөлімінде. 0-18 жас аралығындағы балалардың саны – 12.

— **Әдетте күз айларында респираторлық инфекциялардың өршуі байқалады. Жіті респираторлық вирустық инфекция белгілерін коронавирус белгілерінен қалай ажыратамыз?**

— Коронавирус инфекциясының белгілері спецификалық емес, ол да тыныс алу жолдарының ауруына жатады. Оны ЖРВИ немесе тұмаудың белгілерінен ажырату қиын. Жөтел, тамақ ауруы, әлсіздік, дене қызуының көтерілуі де осы ауруға тән. Бірақ, мынаны естен шығармаған абзал. Суық тигенде демікпе болмайды. Ал коронавирус дертін жұқтырған науқастардың буын-буыны сырқырап, дәм сезбейді және ніс сезу қабілетінен айырылады. Кейбіреуінің өкпесі қабынады. Сонымен қатар, тұмау қысқа инкубациялық кеземен сипатталады. Ол бірнеше сағаттан 3 күнге дейінгі уақыт болса, COVID-19-дың инкубациялық кезеңі 14 күнге дейін созылады. Ең бастысы, дене қызуына назар аудару қажет. Егер температураңыз 3 қүн қатарынан 38 градустан түспесе, онда ол КВИ сияқты қауіпті вирустың бастапқы белгілері. Тұмау кезінде адам бірнеше күннен кейін өзін жақсы сезіне бастаса, коронавируста, керісінше, күн өткен сайын жағдай нашарлай береді.

— **Коронавирус инфекциясын жұқтыру қаупін қалай болдырмауға немесе азайтуға болады?**

— Вейрустан сақтанудың шарты – қарапайым. Маска киіп, әлеуметтік арақатыстық және гигиеналық шараларды сақтау қажет. Бұл індеттің таралуына жол бермейді. Имундылық жүйені нығайту да маңызды. Бірақ, бір-екі күнде иммунитетті көтеру мүмкін емесін де ұғыну керек. Түрлі жұқпалы аурулардың алдын алу немесе жеңу үшін адам организмінде Д, С дәрумені мен цинк минералы жеткілікті мөлшерде болуы шарт. Мұны көпшілік біледі. Сондықтан, құрамында осы дәрумені бар лимон, зімбірді қолдануға асығады. Тек олар «барлық зат – у, барлық зат – дәрі» деген қағиданы ұмытады. Оларды көп мөлшерде тұтыну аллергияға немесе асқазан ауруларына әкеп соғады. Сондықтан, бұл мәселеде де дәрігердің кеңесі керектігін есте сақтауларыңызды сұраймын.

Қазір дүкен мен супермаркеттерге бара қалсаң баласын жетектеген ата-ананы көресің. Олар өз ұл-қыздарының басын бәйгеге тігіп жүргенін сезбейді-ау шамасы. Еліміз қашықтан оқыту форматына көшкенінің себебі – сіз бен біздің баламыздың өмірін сақтап қалу. Сондықтан, ата-аналар асқан жауапкершілік танытуы керек. Олар өз балаларының өмірі мен денсаулығы үшін жауапты.

Ауырмайтын жолды іздегендер таза ауада серуендеп, үй-жайларын желдетіп, тазалап, дұрыс тамақтануды әдетке айналдырғаны дұрыс.

— **Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы коронавирустың енді ешқайда кетпейді, өмір бойына қалады деді. Сіздің ойыңыз?**

— Коронавирус әлемге тараған инфекция. Бұл вирусты жер бетінен жойып жіберу қиын. Сарапшылардың айтуынша, халықтың 60-70 пайызы ауырса, онда індет күрт төмендейді. Инфекциялық вирустың алдын алуда вакцина рөлі маңызды. Вакцина дайын болған күннің өзінде тұрғындардың оны ала қоюы екі талай. Қоғамның вакцинаға деген пікірін білесіздер. Бірі жақтап, енді бірі даттайды. Қазірдің өзінде тұмауға қарсы ескені салу үшін медицина қызметкерлері насихат жұмыстарына көп күш жұмсап отыр. Сондықтан, коронавирус инфекциясының толқындары әлі де болып тұруы мүмкін.

— **Уақыт тауып, сұрақтарымызға тұщымды жауап бергеніңізге рахмет!**

Диана ОРАЗАЛПИНА

КАРАНТИН ТАЛАПТАРЫ ҚАТАҢ САҚТАЛУДА

Коронавирус инфекциясын алдын алу мақсатында Малшыбай селосында карантин талаптары қатаң сақталуда.

Бүгінде ауыл тұрғындарына үйлерінде көп адам жинау туралы ескерту жасалды. Ауылдағы № 4 Малшыбай кітапхана-филиалы санитарлық қауіпсіздікті сақтап, тек маска режимі мен арақашықтықты сақтау арқылы оқырмандарға қызмет көрсетуде. Жезқазған қаласының білім бөлімі Малшыбай селосының № 15 негізгі орта мектебі де санитарлық режим қатаң түрде сақталуда. Мектепте сабақ таңғы 8.00 -де басталады. Сабакқа келген әр оқушының дене қызуы өлшеніп, сабаққа маскаммен кіреді.

Қызуы бар оқушылар анықталған жағдайда олар оқшауланып ем-дом кабинетіне жатқызылады. Сосын дәрігерге хабарланады. Әр сынып кабинеттерінде санитарлық бұрыш бар. Үзіліс сайын мектепті дымқыл шүберекпен сүртіп, кабинеттер желдетіледі. Әр екі сабақ сайын дымқыл тазалау жұмысы жүргізіледі. Сынып кабинеттері арақашықтығы сақталған, әр сынып бір кабинетте отырады. Сыныптар сабақ бөткеннен кейін кварц шамымен дезинфекцияланады. Бөткен алаңдары мектепке кіруге рұқсат етілмейді. Спорттық, бұқаралық және мәдени іс-шаралардың барлығы онлайн режимде өтуде. Мектептегі дезинфекциялық кілемшелер үнемі ылғалдандырылып отырады. Мектеп асханасы жұмыс істемейді, мектеп жанындағы «Балауса» шағын орталығы онлайн режимге көшті.

Ерғазы АЙНБАЕВ, Малшыбай ауылының әкімі

АУЫЛДАҒЫ АХУАЛ – ТҰРАҚТЫ

Бүгінгі таңда Кеңгір селолық округіндегі эпидемиологиялық ахуал тұрақты.

Барлық қажетті дәрілік препараттар Жезқазған қаласы әкімдігінің және «Жезқазған қаласының емханасы» коммуналдық-мемлекеттік кәсіпорнының қолдауымен ашылған әлеуметтік дәріхана киоскісінде бар.

Әкімдік қызметкерлері үнемі түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, тұрғындарға көшелерде аса қажеттіліксіз жүруге болмайтындығы туралы ескерту жүргізуде. Кеңгір ауылында «қоғамдық чат» құрылып, онда коронавирус бойынша жағдай, алдын алу шараларын сақтау бойынша ұсыныстар баяндалады. Алдын алу шараларының селолық округке қарасты фермерлік шаруашылықтар шет қалып жатпағаны айта кеткен жөн.

Эпидемиологиялық жағдайға байланысты ауылда 2020-2021 оқу жылы бастаушы мектептің кезекші сыныптарын қоспағанда, қашықтықтан оқыту форматында басталды.

Ауылдық округ тұрғындарын азық-түлікпен қамтамасыз етуде қиындықтар жоқ. «Айна», «Анель», «Әсия», «Айтбек» азық-түлік дүкендерінде барлық қажетті антисептикалық заттар бар.

Әр адам өз денсаулығы үшін жауапты екенін ұмытпай, сақтық шараларын қатаң сақтауға шақырамыз.

Қанағат ЖАНШЕЙСОВ, Кеңгір ауылының әкімі

ЖОБА

Жезқазған қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың пайда болуы және жинақталу нормаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 19-1 бабының 1) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына сәйкес, Жезқазған қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

Жезқазған қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың пайда болуы және жинақталу нормалары 1 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы С. ЖУМКИНА
Қалалық мәслихат хатшысы С.МЕДЕБАЕВ

Жезқазған қалалық мәслихатының 2020 жылғы _____ сессиясының № _____ шешіміне 1-қосымша

Жезқазған қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың пайда болуы және жинақталу нормалары

№	Коммуналдық объектілер	Есептік бірлік	Коммуналдық қалдықтардың жылдық нормасы, (м³)
1	Жайлы және жайлы емес үйлер	1 тұрғын	2,00 2,20
2	Жатақханалар, интернаттар, балалар үйлері, қарттар үйлері және сол сияқтылар	1 орын	1,00
3	Қонақ үйлер, санаторийлер, демалыс үйлері	1 орын	0,75
4	Балабақшалар, бөбекжайлар	1 орын	0,79
5	Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңеселер, жинақ банкеттері, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	1,62
6	Емханалар	1 адам	0,0087
7	Ауруханалар, отбасылық дәрігерлік амбулаториялар, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын	1,71
8	Мектептер, орта оқу орындары, жоғарғы оқу орындары	1 оқушы	0,67
9	Вейрамаханалар, дәмханалар, қоғамдық тамақтану мекемелері	1 орын	2,25
10	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, түнгі клубтар, ойынханалар, ойын автоматтарының залы	1 орын	0,060
11	Мұражайлар, көрмелер	жалпы алаңның 1 шаршы метрі	0,070
12	Стадиондар, спорт алаңдары	жоба бойынша 1 орын	0,070
13	Спорт, би және ойын залдары	жалпы алаңның 1 шаршы метрі	0,06
14	Азық-түлік дүкендері, супермаркеттер	сауда алаңының 1 шаршы метрі	1,33
15	Машиналардан сағу	сауда орынының 1 шаршы метрі	0,60
16	Өнеркәсіптік дүкендер, супермаркеттер	сауда алаңының 1 шаршы метрі	0,35
17	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер	сауда алаңының 1 шаршы метрі	1,57
18	Азық-түлік тауарларының көтерме базалары, қоймалары	жалпы алаңның 1 шаршы метрі	0,34
19	Өнеркәсіптік тауарлардың көтерме базалары, қоймалары	жалпы алаңның 1 шаршы метрі	0,21
20	Вокзалдар, автовокзалдар, әуежайлар	жалпы алаңның 1 шаршы метрі	0,50
21	Дәріханалар	сауда алаңының 1 шаршы метрі	1,15
22	Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, автокөлік жанармай станциясы, гараждар	1 машина-орын	2,00
23	Жағажайлар	жалпы алаңның 1 шаршы метрі	0,46
24	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	2,10
25	Гараж кооперативтері	1 гаражқа	0,33
26	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны	2,20
27	Кір жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі	жалпы алаңның 1 шаршы метрі	0,85
28	Зергерлік, аяқ киімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары	жалпы алаңның 1 шаршы метрі	0,95
29	Жөндеу және қызмет көрсету орындары (кілттер жасау және сол сияқтылар)	1 жұмыс орны	0,95
30	Моншалар, сауналар	жалпы алаңның 1 шаршы метрі	0,41
31	Аудан аумағындағы жаппай іс-шара өткізу мекемелері	1000 қатысушы	0,08
32	Бау-бақша кооперативтері	1 учаске	2,04

ЖОБА

Жезқазған қаласы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көмуге арналған тарифтерін бекіту туралы

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 19-1 бабының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына сәйкес, Жезқазған қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Жезқазған қаласы тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға және көмуге арналған тарифтері қосымшаға сәйкес бекітілсін

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы С. ЖУМКИНА
Қалалық мәслихат хатшысы С.МЕДЕБАЕВ

Жезқазған қалалық мәслихатының 2020 жылғы _____ сессиясының № _____ шешіміне қосымша

Жезқазған бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көмуге арналған тарифтері

Елді-мекен	Жеке тұлғалар үшін тұрмыстық қатты қалдықтардың 1 м³ үшін тариф (тенге)			Барлығы: (тенге) (қосылған күн салығынсыз)
	жинау және әкету (қосылған күн салығынсыз)	қайта өңдеуге (қосылған күн салығынсыз)	көмуге (қосылған күн салығынсыз)	
Жезқазған қаласы	1603,97	23,75	192,13	1820
	Заңды тұлғалар үшін 1 м³ тұрмыстық қатты қалдықтардың үшін тариф (тенге)			
	жинау және әкету (қосылған күн салығынсыз)	қайта өңдеуге (қосылған күн салығынсыз)	көмуге (қосылған күн салығынсыз)	1888
	1603,97	23,75	260,67	
Бір тұрғыннан 1 айға тариф (тенге) (қосылған күн салығынсыз)				
Абаттандырылған үйлер (тенге)			Абаттандырылмаған үйлер (тенге)	
303			334	

КЕЛБЕТ



(Соңы. Басы 1-бетте).

Колледждің актерлік бөлімін 2013 жылы бітірушілердің дипломдық жұмысы болған Э.Шмиттің «Тәңірге хатында» Ардақ балалар клиникасында жатқан наука бала – Поп–Корн рөлін сомдады. Бұл оның үлкен сахнадағы алғашқы рөлі болатын. Осы жылы орта арнаулы біліммен шектеліп қалмауды жөн көріп, Бішкектегі Б.Бейшеналиева атындағы өнер институтының актерлік бөліміне түсіп, 2017 жылы ойдағыдай бітіріп шығады.

Өрине, бірден үлкен рөл тие қойған жоқ, эпизодтық рөлдерді сомдап жүрді. Талапты жастың алымды аяқ алысын байқаған режиссерлер оған бірте-бірте негізгі, кейінірек басты рөлдерді сеніп тапсыратын болды. Бүгінде әжептәуір сахналық тәжірибе жинақтаған актердің қоржынында түрлі жанрадағы әралуан

ЖИІККЕ БАСТАР ЖОЛ ҮГІННЕН БАСТАЛАДЫ

кейіпкерлер баршылық. Мәселен, Ғ.Ештанав пен Р.Ибраеваның «Әбілмансұр» эпикалық драмасындағы қалмақтың Шарыш батыры, Ғ.Ештанав пен Т.Жанботаевтың «Сәкеннің соңғы сәттері» поэтикалық композициясындағы казак әлбиегі алыптарының бірі Бейімбет Майлин, Р.Ибраеваның «Бәйтерек» ертегісіндегі Қайрат, «Сықырлы кітабындағы» – Мескарын, А.Волковтың «Меруерт шаһарының сықыршысындағы» – маймыл Уорра, А.Чупиннің «Аладдиндегі» – саудагер, К.Ахметовтың «Шырақ» тарихи драмасындағы бәдіші, М.Байғұттың «Ауған қасіретіндегі» – Мирқодир, Р.Мұқанованың «Қыз жылаған» драмасындағы – Құмар, С.Жүнісовтың «Қысылғаннан қыз болды» комедиясындағы – Болтай, С.Тұрғынбекұлының «Кейкі батыр» тарихи драмасындағы – Кейкінің інісі Шұбар сияқты бір-біріне ұқсамайтын кейіпкерлер

төккен тер, тынымсыз еңбектің нәтижесі. Актердің рөлден-рөлі ойнау барысында шығармашылық тұрғыдан біртіндеп өсу үстінде екендігін байқаған режиссер Теміржан Жанботаев оған К.Әбдірахманның «Кетбұқа» спектакліндегі анау-мынау актердің тісі бата бермейтін Шыңғыс хан рөлін сеніп тапсырғанда «бұл қалай болар екен, жас актер сенімді ақтай алар ма екен?» деп, күдікке бой алдырғандар да болғаны жасырын емес. Ал Ардақ өзіне сеніп тапсырылған үлкен міндетті абыроймен орындап шығу үшін көп дайындалды, ізденді, осы рөлді бұрын сомдаған ҚР халық артисі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Доғжан Жанботаевтың ақыл-көңесін тыңдады, сөйтіп, қаһарлы қағанның адами болмысын жастық жігермен ойдағыдай сомдап шықты.

Парыз бен сенім, махаббат пен сатқындық, опасыздық пен шынайы берілгендік жайлы Ю.Хугаевтің «Қара шекпен» афсанының кейіпкерлері – аңдар, жануарлар мен құстар. Бұл спектакльдің басты рөлі – Ардақ сомдаған Тұзар төбет бейнесі. Адам емес, иттің жан дүниесінің шыршық атқан ирімдерін, өз ісіне берілгендігі, адамға сенімі мен келер күннен күткен үмітін психологиялық тұрғыдан шынайы бере білу оңай шаруа емес. Осыны жете түсінген Ардақ Тұзардың иесіне деген адалдығын, қас жауы қасқырлармен бітпес айқасын қимыл-әрекетпен шынайы көрсете отырып, жас қаншық қасқыр Көкшүламанмен арадағы махаббат сценасын пластикалық би қимылдарымен



өте әсерлі бере алды. Спектакль көптің көңілінен шықты. Бұдан кейінгі ойнаған М.Сәрсекенің «Тендерге түскен әйел» психологиялық драмасындағы жылпос адвокат Жорабек, А.Корвиннің «Тәтелер» комедия-фарсындағы күлкілі милиционер Қуықын, Д.Исабековтің «Ескі үйдің екі кездесу» драмасындағы шатақотқар ұл Ертай, Ш.Айтматовтың «Шыңғыс ханның ақ бұлты» эпикалық драмасындағы Теміршіңге қорлық көрсеткен Торғұлтай бейнесі де – актердің ілкімді ізденістерінің жарқын көріністері. Жас актер қатысқан, ол сомдаған рөлдерді көзі қаракты көрермен тек сахнадан ғана емес, үлкен экран мен теледидар арналарынан да тамашалап жүр. Олай дейтіміз Ардақ 2017 жылдан бері отандық бірнеше кинофильмдерге түсіп үлгерді. Режиссер В.Мзыниковтың «Красный уровень» фильміндегі – салафит, А. Сатаевтың «Томирисінде» – массагет, Р. Әбдіраштың «Қазақ

хандығы. Алтын тағында» – қонтайшы, М. Бидосовтың «Орбұлағанда» – Шоқыр, М. Есжанның «Абайындағы» – Әбдәз рөлдері соның дәлелі.

Актер жаны өте әсершіл келеді. Жанын жадыратқан жақсылықтан шабыт алып, көңілін түсіретін жағдайлардан лезде жүдеп қалатынын рас. Сондықтан олардың жігерін жанын, құлшынысын арттырап, шабытын шақырап ынталандыру шараларының уақытында болғаны дұрыс-ақ. Ал Ардақ бұл жағынан кенде емес, жастығына қарамастан біраз марапат, құрмет-қошеметке ие болып үлгерді. Айталық, 2015 жылы ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің «Қазақ хандығына 550 жыл» ескерткіш таңбасымен, Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының Құрмет грамотасын алды. Олардың қатарына 2018 жылы Жезқазған қаласы әкімі сыйлығының «Жыл актері» номинациясы мен «Мен – жас қазақстандықпын» қалалық форумының «Жас дарын – 2018» номинациясы қосылды. 2019 жылы – Қарағанды облысы әкімі сыйлығының «Жыл актері» номинациясын алса, биыл «Жезқазғаным менің» атты өнер байқауының «Театр жанры. «Келбетті кейіпкер» номинациясы бойынша «Қарашырақ» бейнебаяны жеңімпаз болып, әкімдіктің Алғыс хаты мен ескерткіш сыйлығына ие болды. Олардың қатарына біз жоғарыда атап өткен Б. Алтынбековтің «Тұлға» сыйлығы қосылды.

Жастық жігері, өзін-өзі жетілдіру бағытындағы тынымсыз ізденісі мен бойдағы табиғи таланты өнер жолындағы соны соқпағына енді түскен Ардақты болашақта үлкен жетістіктерге, биік белестерге жеткізетініне көміл сенеміз. Өйткені биікке бастар жол бүгіннен басталады.

Үмітай МОЛДАБЕРГЕН,
С. Қожамқұлов атындағы Жезқазған музыкалық-драма театры әдебиет бөлімінің меңгерушісі

ҰЛЫ ЖЕҢІС – АРХИВ ҚҰЖАТТАРЫНДА



Адамзат тарихындағы сұрапыл соғыстың болып өткеніне биыл 75 жыл толып отыр. Бірақ, Ұлы Жеңістің ұмытылмайтыны сияқты, соғыс та ұмытылмайтын қалдырды. Біздің аталарымыз бен әкелеріміздің батырлықтары мен жеңісқандықтары, олардың өз Отанына деген шексіз сүйіспеншіліктері Қазақстанның бүгінгі жауынгерлері үшін мақтан тұтарлық үлгі сана емес, бұл – бірнеше ұрпақты байланыстыратын қоғамның рухани дамуы мен ұлттық қайта өрлеуінің жоғары адамгершілік негізі. Табындылық пен ерлік, Отанға деген сүйіспеншілік қатал соғыста Жеңіске жеткізді.

ОТТЫ ЖЫЛДАР ҰМЫТЫЛМАЙДЫ

новтың, Н.Гавриловтың, И.Қылышбековтың, Ж.Таубаевтың, А.Темірхановтың, А.Шуваговтың жеке құжаттары құрайды. Мұнда акцияны өткізу құжаттарымен қатар «Сороковие-роковые», «В тылу как в бою», «Детство, опаленное войной», «Жезқазғаншы на фронтах ВОВ» тақырыптарында жазылған мектеп оқушыларының шығармалары және В.Юрк, Т.Аланиязовтың «Жезқазған 1941-1945 соғыс жылдарында» атты кітабы, мұрағат құжаттары негізінде жазылған Б.Байжантасовтың «Жезқазған: тылдағы еңбектің жылнамасы» атты еңбектері, сондай-ақ жергілікті басылымдарда жарияланған ҰОС-ның ардагерлері туралы жазылған И.Бекмаханұлының, Ө.Мұқанұлының, Қ.Сихынбаевтің, И.Белгібайдың, Ә.Әбдіраштың, Қ.Құрмансейіттің, С.Жантұриналардың мақалалары енгізілген.

№322 жеке тектік қор топтамасының тағы бір өкілі – ҰОС қатысушы ардагер Ф.А.Сазоненко. 2 тізімдемелі 131-137 сақтау бірлігінде ардагердің жеке құжаттары, хаталмалары, фотоқұжаттары топтастырылған.

Ұлы Отан соғысының ардагерлері жайлы құнды деректер Жезқазған қаласының мемлекеттік архивінің жеке тектік қор иесі белгілі өлкетанушы, ҚР еңбек сіңірген мәдениет қайраткері Сүтемген Бүкіровтің №289 қорында жинақталған.

Ұлытаудан шыққан публицист жауынгер Б.Бұлқышев туралы жинақталған мәліметтері: библиографиялық очерк, «Жауынгер ақын», «Предки Баубаек» атты қор иесінің мақалалары №289 қор, 1 тізімдеме, №3, 50, 97 сақтау бірліктеріне енгізілген.

Аталмыш қордың 1 тізімдеме, №9 сақтау бірлігінде Сүтемген Бүкіровтің Ұлы Отан соғысының ардагері «Мырзағалидің әңгімесі», «Танкист Таңатар», «Танкист Тимаков», «Жезқазған стахановшылары», «Байқоңыр кенінің стахановшылары» туралы жазған қолжазбалары, ал №11 сақтау бірлігінде «Жезқазғандық бес боздақ» Жанахмет Бахметов, Ташбай Әлмұханбетов, Шәріп Қалманбаев, Сақтағанов Шаһарап, Қапатай Райымбеков туралы жинақталған құжаттары топтастырылған.

Қаралы жылдардағы Қарсақбай – Жезқазған туралы, «Қарсақбай мектебінен соғысқа аттанған оқушылар», «Ұлытау әйелдері ҰОС жылдарында» Жезқазғандық толық кавалер Жақсымбек Үншібаев жайлы, «Майдангер жырлары», ағайынды жауынгерлер «Нұртаза және Мұстафа», «Партизан Алиақпаров», «Жауынгер хаты» атты мақалалары мен қолжазбалары №289 қор 1 тізімдеме, №37, 113, 128 сақтау бірліктерінде жинақталған.

ҰОС батырлары Николай Колбасов, Амантай Дәулетбеков, Анатолий Живов, Аркадий Зенковский, Федор Иваншико, Қазыбек Нұржанов, Вера Хоруужа, Олег Щербак, «Комиссар из Карсақбая» атты Шопан Қонысбаев туралы жазған мақалалары аталған қордың, 1 тізімдемесі, №105 сақтау бірлігіне топтастырылған.

№289 қор, 1 тізімдеме, №137 сақтау бірлігінде ҰОС ардагері К.Досановтың анықтама карточкасы, мақтау қағазы мен құттықтаулары, №155 сақтау бірлігінде ҰОС ардагері Ф.Корольковтың соғысқа қатысқандығы туралы анықтамасы, құттықтаулары мен өндірістік міндетмесі, №140-141 сақтау бірліктерінде ҰОС жылдарында қайтыс болған, хабар-ошарсыз кеткен, госпиталда жаракаттан қаза тапқандардың тізімі, №178 сақтау бірлігінде Қарсақбай, Жезқазған, Никольский, Жезді, Ұлытау әскери комиссариатынан шақырылып, ҰОС жылдарында қаза тапқандардың тізімі, №175 сақтау бірлігінде ҰОС ардагері Ғаббас Алиақпаровтың күнделік жазбалары, қолжазбалары жинақталған.

Ұлы Отан соғысы жылдарында қаза тапқандардың парақшалары осы қордың, 1 тізімдемесі, №143-145 сақтау бірліктерінде, «За медь» газетінің көшірмелері №289 қор, 1 тізімдеме, №146-154 сақтау бірліктерінде

кездеседі.

«За медь» газетінде майдан даласына көмек беру, аудандық әскери комиссариатының әскерге шақыруы жайлы 1942 жылғы бұйрығы №289 қор, 1 тізімдеме, №150 сақтау бірлігінде, майдан хаттары, сондай-ақ 1942 жылғы қызыл әскерді жылы киіммен қамтамасыз ету туралы мәлімет осы қордың №149 сақтау бірлігінде топтастырылған. «Қызыл кенші» газетінде жарияланған Д.Бектібаевтың, Т.Өлмәганбетовтың, Ж.Балахметовтың соғыс жылдары жазылған өлеңдері аталмыш қордың, 1 тізімдемесі, №269 сақтау бірлігінде топтастырылған.

Майдан даласынан туыстары мен достарына жазған жауынгер хаттары 289 қор, 1 тізімдеме, №209 сақтау бірлігіне енгізілген.

Сүтемген Бүкіровтің жеке тектік қорында қор иесінің жинақталған фотосуреттері де топтастырылған. №183, 243, 247, 250 сақтау бірліктерінде «Жезқазғандықтар Отан үшін соғысуда», «Жезқазған тыл ардагерлерінің қаласы» тақырыптарындағы, Данк орденінің толық кавалер Ж.Үншібаевтың фотосуреттері, Сталинград түбінде шайқасқан Жезқазғандық жауынгерлердің фотосуреттері кездеседі.

«Қ.Сәтбаев атындағы Жезқазғантүстіметал» ғылыми-өндірістік бірлестігі ҚазССР Түсті металлургия министрлігінің №152 қоры, 2 тізімдеме, №2, 3 сақтау бірліктерінде 1944 жылғы Жезқазған комбинатының жауынгерлерді донорлық қанмен қамтамасыз ету туралы, Қарсақбай зауытының қару-жарақ өндіру жөніндегі 1942 жылғы бұйрықтары бар.

«Жезқазған аудандық әскери комиссариатының» №186 қоры, 1 тізімдеме, №35 сақтау бірлігінде 1941 жылғы аудандық әскери комиссариатының Қызыл әскер жауынгерлеріне қолжазбалары туралы бұйрығы бар. №186 қордың 1 тізімдемесі №46 сақтау бірлігінде Жезқазған аудандық әскери комиссариатының әскери міндеттерін атқарушыларының тізімінде жезқазғандық Совет Одағының Батұры Колбасов Николай Илларионовичтің есімі кездеседі.

Қазақстан Коммунистік партиясы Жезді аудандық комитетінің 1431 қорында кенестік өкілі отынмен қамтамасыз ету туралы 1942 жылғы қазандағы бюро шешімі, Қарсақбай, Жезқазған руднигі мен зауыттарына әйелдер арасынан қадір даярлау жөніндегі 1942 жылғы тамыз айындағы бюро шешімі осы қордың 1 тізімдеме, №744, 746 сақтау бірліктерінде жинақталған. Бұл шешімде әйел адамдардан қадір даярлаудың төмен деңгейде екені, яғни көпшілігі мамандық бойынша курстардан өтпегені жайлы баяндалады.

Аталған қордың, 1 тізімдемесі, №662 сақтау бірлігінде Жезқазған руднигі бастауыш партия ұйымының бюро кенесінің 1941 жылғы қарашадағы Жезқазған руднигінен, Байқоңыр шахтасынан майданға азық-түлік жіберу жөніндегі хаттамалары, «Центрик Казахстана» танк колоннасының құрылысына қаржы жинау туралы 1942 жылғы жетқосқан айындағы Жезқазған руднигі бастауыш партия ұйымының бюро кенесінің шешімі топтастырылған.

Қарсақбай мемлекеттік металлургиялық зауытының №161 қор, 4 тізімдеме, №181 сақтау бірлігінде әскери оқу жаттығуларына арналған орымен қамтамасыз ету және жаппай орыс тілін оқыту туралы 1941 жылғы қараша айындағы Жезқазған аудандық атқару комитетінің қаулысының жобасы, №199 сақтау бірлігінде Қарсақбай мисс қорыту зауытының майданға көмек беру жөніндегі 1942 жылғы қазан айындағы бұйрығы, №200 сақтау бірлігінде оқ-дәрі шығару жөніндегі Қарсақбай мисс қорыту зауытының 1942 жылғы 3 тоқсандағы есебі кездеседі. Аталмыш қордың №175 сақтау бірлігінде 1938-1948 жылдар аралығында соғыс кезіндегі әскерге мобилизация құжаттары, 1940-1942 жж. стахановшы мектеп-

терінің құрылуы туралы дирекциялық нұсқаулықтары бар.

Халық Комиссариаты түсті металлургия мыс балқыту және мыс кені өнеркәсібінің Жезқазған мемлекеттік, одақтық комбинатының бас басқармасы №381 қорының, 1 тізімдемесі, №12 сақтау бірлігінде Түсті металлургияның халық комиссары Ломаконың 1941 жылғы қыркүйек айындағы өнеркәсіптегі 37 жасқа дейінгі жұмысшыларды Қызыл әскер қатарына алу жөніндегі бұйрығы бар. Аталмыш қордың 1 тізімдемесі, №16 сақтау бірлігінде 1939 жылғы майданға қажетті дөңгелек, детонаторлық шнур, карбид-кальций, перфоратордың қосалқы бөлшектерінің мобилизациялық қорға өткізілуі жайлы құжаттары кездеседі.

Қарағанды облысы Ұлытау аудандық әлеуметтік қамсыздандыру аудандық кенесінің еңбекші депутаттарының №35 қорының 1 тізімдемесі, 3 сақтау бірлігінде Ұлытау ауданынан соғысқа аттанып хабарсыз кеткендердің тізімі бар. №35 қор, 1 тізімдеме, 7 сақтау бірлігінде ҰОС-нан жараланып, денсаулығына байланысты қайтып келгендердің тізімдері сақталған.

Жезқазған облыстық «Боздақтар» кітабының редакциялық тобының №403 қоры, 1 тізімдеме, 1-3 сақтау бірліктерінде жауынгер Тәңірбергеннің ата-анасына, бауырларына жазған хаттары, өлеңдері, Нағыманов Шарманың отбасына, достарына өлеңмен жазған хаттары, соғыста қайтыс болғандар туралы хабарламалары жинақталған. Аталған қордың 1 тізімдеме, №147 сақтау бірлігінде Ашумхан Саметов, Баубек Бұлқышев, Әубәкіров Төлеген, Қожаметіп Лекер, Аман Қуасинов, Сердалинов Төленнің суреттері топтастырылған.

№545 жеке тектік қор иесі «Нұр Отан» халықтық-демократиялық партиясының, «Қазақ тілі» қоғамының мүшесі Жалпақов Саяттың жинаған құжаттарында да ҰОС ардагерлері жайлы мәліметтер кездеседі.

Осы аталмыш қордың 1 тізімдемесінің жалғасы, №150-155 сақтау бірлігінде ҰОС ардагері, қалалық ардагерлер кенесінің мүшесі Яғуда Ибраевтың өмірбаяны, соғыс жылдарындағы естелігі, жеке құжаттарының көшірмелері, ҰОС ардагері Жезқазған қаласының Құрметті азаматы Қалкен Мәкенбаевтың өмірбаяны, құрмет грамоталары және жеке құжаттарының көшірмелері, еңбек және соғыс ардагері Жәңгір Жанасовтың өмірбаяны, фотосуреттері, құрмет грамоталары мен жеке құжаттарының көшірмелері, ҰОС және тыл ардагері Сейтқали Төкебаевтың өмірбаяны, фотосуреттері, мақалалары, құттықтаулары, жеке құжаттарының көшірмелері, ҰОС ардагері Тұрлыбек Әміреәліұлының өмірбаяны, мақалалары, хат алмасулары, құттықтаулары, жеке құжаттарының көшірмелері жинақталған.

Жезқазғандық соғыс ардагерлері Тұмарбай Жақыпов, Михаил Филиппов, Николай Григорьев, Сабыр Мәденов, Бектай Әбсаттаров, Құспан Ыдырысов, Қозғанбай Абиев, Әуезхан Мұсабаев туралы деректер мен фотосуреттер және осы қордың, 1 тізімдемесінің жалғасы, №174 сақтау бірлігінде және 1 тізімдеме, №30 сақтау бірлігінде майдан даласынан Сәлем Торғаевтың Елеукеңге, Жекенге және туған-туыстарына жазған хаты сақталған.

Сонымен қоса архивтің «Ақпараттық технологиялар және аудиовизуалдық құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету» бөлімінде ҰОС ардагерлері мен еңбек ардагерлерінің берген сұхбатының (8 есеп бірл., 45 сақтау бірл.) видеоқұжаттары сақталған.

Қорға айтқанда, Ұлы Отан соғысы туралы құнды деректер 322, 289, 545 жеке тектік қор және 152, 143п, 186, 161, 381, 403, 35 тұрақты сақталатын құжаттары зерттеушілер, студенттер, оқушылар, жалпы көпшілік үшін аса пайдалы дерек көзі болады деп есептейміз. Қызығушылық танытқан адамдар осы қорлар туралы толық мағлұматты Жезқазған қаласының мемлекеттік архивіне алуларына болады.

Қарлыға НАУРЫЗБАЕВА,
Жезқазған мемлекеттік архиві әдебиет, өнер, жеке қорлар және ақпараттар мен құжаттарды ғылыми пайдалану бөлімінің жоғарғы санатты архивісі

ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК

Өткен жылдың қаңтарында баспасөз ақпарат құралдары Алматыда радикалды топтың бейтараптандырылғаны және ірі теракттерінің болдырылмағанын жариялаған болатын.

АЛМАТЫДА АЛАСАПЫРАН ЖАСАМАҚ БОЛҒАН

Ақпарат әдеттегідей құрғақ әрі қызықсыз болған еді: адамдар көп жиналатын жерлерде теракттер дайындаған Орталық Азия елдерінің бірінің тумалары ұсталып, тінту барысында олардан қолдан қолдан жасалған жарылғыш құрылғылар алынды.

Сол кезде қоғамға жеткізілгені осы ғана болатын.

Біз енді террористерді ұстау туралы барынша толық айтатын боламыз.

Сонымен, Жаңа 2019 жыл қарсаңында ҰҚК-ге шетел серікестерінен Ауғанстан мен Сирияда «Ислам мемлекетінің» содырлары Орталық Азиядағы ірі теракт дайындап жатқаны туралы ақпаратты бар шұғыл бағдарлау келіп түсті.

Ақцияның орны, уақыты, ұйымдастырушылары мен орындаушылары туралы нақты деректер болмады.

Арнаулы қызметтер арасында ақпаратпен алмасу – күнделікті іс-әрекет екенін түсіндіріп өту қажет. Кез келген, тіпті мүлдем шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтер мен теракт жасау қаупінің белгілері мұқият тексеруге алынады. Ол түсінікті де, себебі таразы басында – адамдар өмірі.

Бұл жағдай да назардан тыс қалмады: республика тұрғындары жаңажылдық дастархан жайып, бокалдарға шампандарын құйып жатқанда, ҰҚК террорға қарсы бөлімшелерінің қызметкерлері қауырты жұмыс үстінде болды.

Осы тұста біз арнаулы қызметтер әрекетінің түрлері мен әдістерін ашпаймыз – радикалдар да жаңалық порталдарын оқып, өздері үшін қорытынды жасап отырады.

Дегенмен, жүргізілген жедел іс-шаралар нәтижесінде басты күдікті – Алматы қаласына күн көріс үшін келген Орталық Азия республикаларының бірінің тумасы анықталды.

Бұрынғыр фотосурет, сырт келбетінің сипаттамасы және оның қолдан жасалатын жарылғыш құрылғы дайындау үшін құрамдас бөліктерін сатып алғысы келетіні туралы толықтай тексерілмеген ақпарат жедел қызметкерлердің жұмыстың бастапқы сатысында қолға түсіргені осы ғана болатын.

Бұл адамның не аты-жөні, не тұрғылықты жері, не істесері әлі белгісіз болатын.

Болажамды терроршының тәжірибесіз екені, сондықтан қолдан жасалатын жарылғыш құрылғыны жинау және жасау бойынша Ауғанстан мен Сириядағы жетекшілерінен тікелей онлайн-режимде нұсқаулық алатын туралы деректер маңызды болатын.

Комитеттіктер мысалдай болсын ақпаратты ой елегінен өткізіп, талдай, тексере отырып, келесі бірнеше тәулікті тағы да аяқта өткізді.

Жұмсалған күш-жігер жемісін бере бастады. Күдікті адамның шетел содырларымен байланысы қармалып, кейіннен олардың құрылыс базарында химикаттарды сатып алуын тіркеуді ұйымдастыруға қол жеткізілді.

Осы кезде жедел қызметкерлер терроршының қала ішіндегі қозғалысын көрді. Ол барған жерлер адамдар көп жиналатын орындар болғандықтан, тексерілушіні шабуыл жасауға арналған нысананы таңдау мен барлауды жүзеге асырып жүргеніне күмән қалмады.

Осыдан кейінгі терроршының тұрғылықты жері мен оның анықтамалар деректерін зерттеу техника ісі болатын. Анықталғандай, 22 жастағы Гаязов Қасым деген күдікті Алматы маңында қожайындары отбасылық жатақханаға айналдырған коттедждің бір бөлмесін жалға алған екен.

2019 жылғы 7 қаңтарда өліміз біртіндеп Рождествоны мерекелеуге ойысқан кезде чекістер қоттедже толық бақылау орнатып, қолға түсіру бойынша операцияны дайындай бастады.

Гаязовтың отандастар қатарынан бір емес, бірнеше сыйбайластарының болуы ҰҚК қызметкерлері үшін күтпеген жағдай болмады. Олардың барлығы бір бөлмеге шоғырланып, кем дегенде, терроршының ниетін қолдап отырған.

Осы уақытта кезекті байланыс саесында ол шетелдік жетекшілеріне жақын күндері жарылғыш құрылғы жинауды аяқтайтынын және қалған құрамдас бөліктерден екінші құрылғы жасауды бастайтынын баяндайды.

Одан әрі бөлеуге болмайтын еді. Қылмыскерлердің шабуыл жасауы ғана емес, олардың жарылғышпен жұмыс жасау дағдыларының болмауына байланысты айналасындағыларды жарып жіберу қаупі сағат сайын өрши түсті.

2019 жылғы 10 қаңтар күні таңертең қоттедже ҰҚК арнайы мақсаттағы бөлімшесі басып кірді.

10 адам ұсталды. Тінту кезінде болжанғандай, дайын болып қалған жарылғыш құрылғы және келесі құрылғыларды жасауға арналған ірі мөлшерде химиялық құрамдастар табылды.

Сарапшылардың бағалауы бойынша жарылғыш құрылғының салмағы бір килограмнан артық тротиль эквиваленті жарылған кезде 10 метр радиуста барлық тіршілік атаулыны жойып жіберуі мүмкін еді.

Қылмыскерлердің заттарының арасында шабуыл жоспарланған объектілер – «Көк базар», «АТФ» банкінің және қалалық полиция бөлімшелерінің бірінің ғимаратының сызбалары табылды.

Тінту барысында қылмыскерлердің ДАИШ-тың шетелдік содырларымен хат алмасуы сақталған смартфондар табылды.

Тергеу трактінің дайындауында толық көрінісін қалпына келтірді. Бейтараптандырылған топтың ядросы жоғарыда аталған Гаязов пен оның ең жақын серікесті, 35 жастағы Халимов Давлат екені белгілі болды.

Егер біріншісі ұяшықтың нақты жетекшісі болса, екіншісі – оның идеологы, өйткені ол бірнеше жыл бұрын алыс шет елдерде жасырын курстарда исламды оқыған.

Халимовтың білімі өте үстіртін болатын. Шынында да, белгілі бір діни мәселелер бой-

ынша пікір білдіру үшін кем дегенде университеттік бағдарламаны аяқтау керек қой.

Олардың танысуына ақша табу жолында шетелде жүрген кездегі ортақ діни көзқарастар негіз болды.

Гаязов та, Давлатов та діни сауаттары жетілмегендіктен, ДАИШ-тың үгіт-насихат материалдарын көрумен айналысты. Кейіннен әлеуметтік желілер арқылы содырларымен байланыса шығады, өзін «Шахомад» деп таныстырған олардың бірі Ауғанстанда болған, ал екіншісі «Абу Усама» – Сирияда.

Алматыға келгеннен кейін Гаязов пен Халимов санаулы апта ішінде басқа отандастарын ұяшыққа қызмет етуге шақырады.

Гаязовтың талабы бойынша жаңадан қабылданған рекруттар «халиф» Әбу Бәкір әл-Бағдалиға адал екеніне ант жазып, оны Ауғанстанға «Шахомадқа» жөнелтеді.

Шетелдік куратор, өз кезегінде, Гаязовқа арналған қолдан жасалатын жарылғыш құрылғылар жасау, сондай-ақ топтың басқа мүшелері үшін қала жағдайындағы террористік әрекеттер тактикасы жөніндегі нұсқаулықтарды жолдайды.

Шабуылды террористер 2019 жылғы 15 қаңтарға жоспарлайды.

ҰҚК БІРНЕШЕ ТЕРАКТИНІҢ АЛДЫН АЛДЫ



Гаязов пен Давлатов серіктерін «шахидтер» ретінде «абыройлы» өлімге дайындады. Өздері болса теракт табысты өткеннен кейін жасырынып, енді отанында бірақтар террористік шабуылдар жасамалы болады.

Шабуыл жасау үшін Алматыны таңдау тек «жергілікті жерде жиналған» қағидатынан туындады. Қылмыскерлерде Алматының және жалпы республикамыздың тұрғындарын өлтіру үшін ешқандай жеке себептер болған жоқ: олар жай ғана «кәпірлер», оларды қай жерде болғанына қарамастан жою керек.

Егер қызметкерлер қолға түсіруді бірнеше күнге кешіктіргенде не болатынын ойлаудың өзі қорқынышты.

Алайда, екінші жағынан, егер жеткілікті дәлелсіз қамауға алына, онда кінәлілер жазадан құтылып кететін еді. Арнаулы қызметтер жұмысының қиындығы да осында – сапалы және алдын ала жұмыс істеу.

2019 жылғы 13 қыркүйекте топ мүшелеріне қатысты сот шешімі шығарылды. Ұяшық жетекшісі Гаязов 18 жылға, Халимов 16 жылға сотталды, оның тағы бес қатысушысы 12 жылдан 14 жылға дейін бас бостандығынан айырылды. Үш шетелдік еліне қайтарылып, өз отанында қылмыстық жауаптылыққа тартылды.

Айта кетейік, «Шахомад» лаңкестерінің шетелдік үйлестірушісі сол жылы арнайы операция нәтижесінде Ауғанстанда жойылып, оның сыйбайласы «Әбу Усама» Сирияда ұсталды.

Ол енді басқа, бұдан кем емес қызықты оқиға, ҰҚК жақын арада оның да құпиялық пердесін ашады деп үміттенеміз.

БАТЫСТА БҮЛІК БОЛА ЖАЗДАДЫ

Осындай тағы бір теракт Оралда іске аспай қалды. 2018 жылғы маусымда бұқаралық ақпарат құралдары ҰҚК баспасөз қызметіне сілтеме жасай отырып, еліңіз батысында қауіпті террористік топ залалсыздандырылғанын хабарлады.

Егер бір ерекшелігі болмаса, бұл қарапайым бандо болар еді – олар өз қылмыстарын жоспарлай отырып, Қазақстанда тыным салынған «Ислам мемлекеті» немесе «ДАИШ» халықаралық террористік ұйымының идеяларын басшылыққа алған.

Топ мүшелері бірнеше ай бойы Орал бизнесмендерін тонау және ірі қарымта алу мақсатында оларды ұрлау әрекеттеріне дайындалған. Олар үлкен қоғамдық резонанс туғызғаны үшін журналистерді де ұстап алмақшы болған.

Ақырында, қасқой радикалдар құқық қорғау органдарына үлкен қарулы шабуыл жасауды ойластырып, қаланың әлеуетті құрылымдарының ғимараттарын тандады. Алайда бұл жоспарларының орындалуын тағдыр жазбапты.

Тек қазір, екі жылдан кейін, бізге жасалмай қалған қылмыстардың егжей-тегжейлі белгілі болды.

Террористік топтың келешек жетекшісі Жүнібек Жамалов бала жасынан Атырау көшелерінде тәрбиеленіп, «ұрылар ұғымын» бойына сіңіріп өсті.

Мұндай өмір салты қоше тентектеріне тән қатыгездік пен құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне деген жеке дұшпандықты қалыптастырды.

2013 жылы Жамалов ұрлық жасағаны үшін ұсталып, ұзақ уақыт тергеуде болды. Алайда сот оның қамқорлығына мұқтаж карт ата-анасының болуына назарға алып, Жамаловты бір жолға шартты түрде жазалауға үкім шығарды.

Қазаналық хаттамалардың құрғақ жолдарында айтылғандай, сотталған адам түзелу

жолына түспеді. Тұрақты еңбекке мойынсұнбай, кездейсоқ табыстарға күн кешті. Негізінен уақытын үйде, Интернетті шолумен өткізді.

Дәл сол кезеңде Жамалов әлеуметтік желілерде «Ислам мемлекетінің» ұстанымдарын таратқан шетелдік жалған салафиттік «шейхтердің» дәрістеріне тап болды.

Радикалды идеологтар өз аудиториясына сіңірген әлемнің ақ-қара бейнесі жетілмей қалған ұрнының көңілін шықты.

Барлығы өз орнына келді. Міне мынау – жаулар – «кәпірлер», яғни дәстүрлі исламды ұстанушылар мен зайырлы қазақстандықтар, сондай-ақ олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін қауіпсіздік қызметкерлері. Ал мынау – діннің ережелеріне қатан сәйкестікте өмір сүргісі келетін «нағыз мұсылмандар», бірақ оларға зұлым «кәпірлер» оны жасауға жол бермейді.

Осы сәттен бастап Жамалов өзін, әрине, «дұрыс жолдағы діндар» санатына жатқыза бастады. Мемлекетке деген өшпенділік күшейі түсті.

2016 жылы Жамалов өз бақытын Оралда сынап көрмекші болып, тұрақты жұмысқа тұрып, жеке өмірді дұрыстаймын деген үмітпен Батыс Қазақстанның облыстық орталығына көшті.

Осы қаланың көкөніс қоймаларының біріне жүк тиеуші болып жұмысқа тұрады, бір жыл өткеннен кейін бас бостандығынан ай-

ыру орындарында радикалды идеологиямен айналысағаны 45 жастағы Төлеген Қариевпен танысады.

Ортақ өткен қылмыстық жолдары мен экстремистік көзқарастары оларға тез арада өзара түсіністік табуға көмектеседі.

Біраз уақыттан кейін оларға тағы бір «ахи» (араб тілінен аударғанда – бауыр), 36 жастағы Жанат Боранов қосылды, ол Жамалов сияқты әлеуметтік желілердегі радикалды идеяларға қызығушылық танытыпты.

Жаңа достар алдында бөделге не болу үшін Боранов жігітті оң жолға түсіріп, жұмыспен көмектесуге тырысқан қарт имамды соққыға жығады.

Қысыр әңгімемен өткен айлар бойы «достар» ұсақ ұрылықпен айналысады. Оларға ештеңе болмайтын сияқты көрінеді. Алайда 2018 жылдың көктемінде оқиғалар шиеленісе бастайды.

Бірлескен кешкі аста үштік, әдеттегідей, ертедегі «мухажидтердің» істерін талқылап, оларды мақтан тұтып отырады.

Енді олар белсенді әрекетке қабілетті екендіктері туралы пікірге келеді. Тек ол үшін «қажаттағы» жаңа жақтастармен нығайту қажет.

Бұл жылында саны жағынан әлі де аз топтың мүшелері оның атынан таңдайды, аз да емес, көп те емес – «Халифат», бірнеше күннен кейін олар сенуші жастарды әрекеттеріне тартуға кіріседі.

Бұл ретте, жақында ғана намаз оқи бастаған, сондықтан діннің қыр-сырын біле бермейтін дөне бітімі мықты жігіттерге ерекше көңіл бөледі.

Боранов мешіттің жанындағы осындай жігіттермен танысып, аз уақыт сойлекеннен кейін оларды Жамаловқа алып келеді, ол болса «қасиетті жиһад» идеясын жеке өзі құя бастайды.

Айта кету керек, «кандидаттардың» көпшілігі радикалдармен істес болудан бас тартып, кейінірек олардың барлығы дерлік сотта топтың қылмыстық әрекетінің осы эпизодтарына куә болды.

Дегенмен 2018 жылдың мамырына қарай ұяшық құрылады. Оған Жамалов, Қариев және Боранов сияқты «ардагерлерден» басқа, 20 жасқа да толмаған бес жас жігіт кіреді.

Жамаловтың қылмыстық тәжірибесі мен жалған діни сауаттылығын ескере отырып, топ мүшелері оны бірауыздан «өмір» етіп сайлап, оған адалдық антты берді.

Құпиялықты сақтау ойымен жетекші қатысушыларды 3-4 сағатқа жалға алынған пәтерлерде жинауға шешім қабылдайды. Келесі кездесудің орны мен уақыты туралы серікестеріне оны дәл өткізер алдында ескертілді.

Жамаловтың діни білімінің жоқтығына қарамастан, «ДАИШ» насихатшыларынан берілген «ұры ұғымдарымен» араласқан үндеулерге ешкім күмән келтірген жоқ.

Ең күшті әсерге, әрине, Жамалов көрсеткен арасында бейбіт тұрғындар бар қарсыластарын «Ислам мемлекеті» содырларының өлім жазасына кесуі туралы бейнекөріністер арқылы қол жеткізді.

Осындай жазаны қарау кезінде топтың жаңа мүшелерінің бірі эмоционалды түрде: «Біз жиһад жолындамыз! Біз «кәпірлерді» өлтіреміз, оларды қырамыз!» деп айқайлап жіберді.

Бұл сөздерді бәрі қолдады. Оларды көрген Жамалов рекруттардың жігерлі көңіліне қуанды.

Өзінің «жауынгерлерінің» «қызу» жағдайын пайдаланып, ол сол күні-ақ оларға атыс қаруын табуды, оны сақтау үшін жасырын орын дайындауды тапсырды.

Бір айдың ішінде, маусым айында топ мүшелерінде қылмыстық әлемнің таным өкілдерінен ұяшықтың жас қатысушылары сатып алған 2 аңшы мылтығы мен патрондар болды.

Сол кезде Жамалов өзінің жоспарын жариялады – алдымен қасіктерді тонау және күн алу үшін оларды ұрлау керек.

Алынған қаражат әлдеқайда күшті автоматты қару сатып алуға жұмсалады. Ал содан кейін 2-3 топқа бөлініп, Оралдың әлеуетті құрылымдарының ғимараттарына бір уақытта шабуыл жасалады. Жошыбай оқиғаларды тікелей эфирде көрсететін жергілікті БАҚ журналистерін кепілге алады.

Қылмыскерлер осы уақытта ҰҚК қызметкерлерінің өздеріне бақылау орнатқаны білмеген еді.

Қылмыскерлердің атыс қаруының болуы және олардың оқым әрекеттерінің айқын қауіп арнаулы қызметтің жедел қызметкерлері алдын ала ескеріп, террористерді ұстау бойынша арнайы операция өткізді.

Тінту кезінде атыс қаруы, оқ-дәрілер, баспа және электрондық түрдегі экстремистік әдебиеттер табылып, алынды, олар қылмыстық іс материалдарына қоса тіркелді.

Бұлтартпас дәлелдемелер мен жазаның еңсерілмейтін сөзіне отырып, топ мүшелері кінәні бір-біріне сілтеп, банданың әрекетіндегі ролін төмендетуге тырысты.


Алайда барлық оқиғалар тізбегі, осы топтың әр қатысушысының орны мен ролі тергеумен қалпына келтірілді.

Алынған дәлелдер оларға қылмыстардың тұтас «шоғырын» – терроризм актісін дайындады, терроризмді насихаттады, террористік

ловты тартты, олармен қалалық қоғамдық тамақтандыру орындарының біріне «ауыз ашарда» танысқан. Олардың радикалды сенімдерінің сәйкестігі, күнделікті проблемаларының ортақтығы оларға тез арада «бауырластық» қарым-қатынас орнатуға көмектесті. Осыдан кейін олар терактіге дайындалып, сонымен бір мезгілде жақын адамдар арасында экстремизмді насихаттай бастады.

Пәтерін топ мүшелері жиндырын өткізу және қылмыстық себептері де болды – олар пайдаланатын Ақмоловпен бір аулада тұрған қаланың жасөспірімдері үгіт-насихат объектілеріне айналды. Өршіл Ақмолов топ идеологы ролін өзіне алды және өзінің беделі мен өзіне оқымыстылығын пайдалана отырып, серікестерін жоспарланған іс-әрекеттерінің дұрыстығына сендірді, астыртын әрекет ету әдістерін үйретті.

Топ жетекшілері Қуандықов пен Ақмоловтың пайдакүнемдік себептері де болды – олар банданың әрбір жаңа мүшесін өз жоспарлары қаржыландыру көзі ретінде қарастырды. Қару сатып алу сыйлауымен екеуі де жас діндарларды тұтынушылық несие алуға көндірді. Алынған қаражаттың бір бөлігін өздеріне – ортақ іс үшін қажет деген желеумен смартфондар сатып алуға, тұрмыстық шығыстарды төлеуге жұмсады. Қуандықов пен Ақмолов несені қайтарудың қажеті жоқ, өйткені теракт кезінде топтың барлық мүшелері жұмаққа кірді деп сендірді.



топ құрды және оны басқарды, сондай-ақ оның әрекетіне қатысты деп айыптау үшін жеткілікті болды.

Сот қылмыстық іс материалдарын қарап, қылмыстың ауырлығын ескере отырып, Жамалов пен Борановты 13 жылға бас бостандығынан айыруға үкім шығарды. Қариевке 12 жазалық жыл, басқа қатысушыларға 3 жылдан 5 жылға дейін түзеу мекемелерінде жазаларын өтеу тағайындалды.

Ескертпе: Біз мақалада аталған адамдардың аты-жөндерін әдейі өзгерттік, себебі екі жыл бұрынғы оқиғалардан әлі де оңала алмай отырған олардың тугандары мен жақындары қалды.

ЖЕЗҚАЗҒАНДЫҚ «ЖИҺАДШЫ»

2018 жылдың соңында БАҚ-та ДАИШ халықаралық террористік ұйымының үш ізбасарының қылмыстық топ құрып, Жезқазғанда лаңкестік әрекетке дайындалғаны туралы ақпарат жарияланды. Қазақстан ҰҚК олардың әрекетінің жолын кесті.

Бүгін ҰҚК осы іс құпиясының пердесін ашқандықтан, біз террористік топ мүшелерін ұстау бойынша арнайы операцияның егжей-тегжейлерін бөлісеміз.

Қатысушылардың есімдері өзгертілді, өйткені олардың барлығы дерлік өздерінің діни көзқарастарын қайта қарады, қателіктерін мойындап, өз істеріне өкініш білдірді.

Террористік топтың болашақ басшысы Ерлан Қуандықов отбасылық жағдайлар салдарынан ЖОО-ны екінші курста тастап, «Оңтүстік астанада» кездейсоқ табыспен күн кешіп жүрген еді.

Жұмыстан кезекті рет шығып қалғаннан кейін, ол Жамбыл облысындағы туған ауылына «өзін-өзі табу» үшін келіп, сол жерде үлкен досы – күмәнді дін – жалған салафизмді жақтаушының діни ықпалына түседі.

Одан әрі ұяйтыққан қардай үйіле өсіп келе жатқан өзінің діни және ақпараттық шөлін қанағаттандыруға тырысып, Қуандықов дінді белсенді түрде зерттей бастайды.

Алайда ол ақпаратты имамдардан немесе мұсылман діндарларының ресми сайттарынан емес, радикалды және экстремистік сипаттағы материалдары бар әлеуметтік желілердің парақшаларынан алған еді. Дәл солардан ол қасиетті ислам жазбаларын бұрмалаған түсініктерді бойына сіңірді.

Өмірлік келіспегінің, табыс көзінің болмауы, сондай-ақ өзі мойнында отырған туыстары тарапынан жиілеген қорлық аясында Қуандықов 2016 жылғы жағдайды ауыстыруға – халық тұтынатын тауарлар сату саласында бизнес ашу үшін Жезқазғанға көпуге шешім қабылдайды. Жезқазғанда ол отау құрып, отбасылық өмірге енеді, бірақ Сириядағы бейбіт тұрғындарға қарсы қатыгез террористерді қорун жалғастыра берді.

Радикалды интернет-насихат аясында Қазақстанда тыйым салынған «ДАИШ» халықаралық террористік ұйымына жан-тәнімен қолдау көрсете бастайды. Ол «мұсылман жауларына» қарсы соғысып, «шахид» болуды армандады. Алайда Қуандықовтың Сирияға кетуге қаржылай мүмкіндігі болмады.

Одан басқа сол кезеңде әлеуметтік желілерде шетелдік террористер ДАИШ жетекшісі әл-Бағдалидің «амалдар» – жер-жерлерде террористік шабуылдар жасауға шақырған роликтерін белсенді түрде тарата бастаған болатын. Осы үндеу Қуандықовты Жезқазғанда шабуыл жасау үшін бір дінді ұстанушылар тобын қалай да құру шешіміне итермеледі.

Ол өз ниетін іске асыру үшін өзі сияқты интернет арқылы радикалданған жергілікті тұрғындар Берік Асенов пен Жәкен Ақмо-

Осылайша, 2018 жылдың маусымына қарай Қуандықов, Ақмолов және Асеновтан бөлек, топқа тағы үш жаңадан шақырылушы кірді, олар кейіннен қылмыстық іс бойынша басты куәгер болады. Қуандықов пен оның компаниясы жиі кездесулерге көпті, ДАИШ-тың үгіт-насихат роликтерін көріп, Сирия мен Ирактағы оқиғаларды, сондай-ақ Қазақ

Абай Құнанбаевтың туғанына 175 жыл толуына орай облыс көлемінде бастау алған «Бір отбасы – бір кітап» акциясына Жезқазған қалалық білім бөлімінің жоспарына сәйкес №1 жалпы орта білім беретін мектебі де үн қосты. Отбасымен кітап оқу дәстүрі бастауыш сыныптарда өткізілді.



АҚЫННЫҢ ТАБИҒАТ ЛИРИКАСЫ

акцияға арқау болды

Қоғам мен отбасының назарын кітап оқуға деген қызығушылықтың төмендеу мәселесіне аудару, көркем әдебиетті оқыту арқылы оқушылардың бойында патриоттық сезімді және туған өлкеге деген махаббатты тәрбиелеу, олардың рухани және адамгершілік әлеуетін арттыруды мақсат еткен акция «Абайдың табиғатты тілімен өрнектеуі» айдарымен ауызша журнал, «Ата-анадай елжіре күннің көзі» тақырыбындағы әдеби ойындар мен «Мәнерлеп оқу» сайыстарын қамтыды. «Безендірген жер жүзін тәңірім шебер» деп аталған сахналық қойылымдар 3-сынып оқушыларының актерлік қабілеті мен көркем сөз оқу шеберлігін сыңа алса, «Күз болып дымқыл тұман жерді басқан...» суреттер байқауы түстерді ойнатқан жас суретшілердің басын қосты. Алтын күздің пейзаждары мектепшілік көрменің төрінен орын алды.

Табиғат жыршысы Абай лирикаларының тақырыптары және олардың өзіндік ерекшеліктерін таныта отырып, туған жерінің, Отанының әсем табиғатын қорғауға, оған

қамқорлық жасауға тәрбиелеуді міндет еткен «Бір отбасы – бір кітап» акциясының байқауларына оқушылардың отбасы мүшелерімен бірге қатысып, өнер көрсетуі, отбасындағы ұйымшылдықты, отбасылық ақыл-ойдың бірлігін паш етті. Сонымен қатар, балалардың кітапты оқуға деген сүйіспеншілігін арттырды.

Халқымыздың кешегісі мен бүгінгі, болашағын, олардың мінез-құлқын, салт-дәстүрлері мен рухани мәдениетін, оқу-білімін, жастарға адамгершілік тәрбие беру жолдарын тынымсыз ойлаумен өткен ұлы ақынның өмірі мен шығармашылығын насихаттап, өскелең ұрпақты ізгі адами қасиеттерге тәрбиелеуге бағытталған мұндай форматтағы шаралар әлі де жалғасын табады.

«Бір отбасы – бір кітап» акциясының белсенді қатысушылары ата-аналар қауымы мен оқушыларға алғысымызды білдіреміз.

Гүлдерайым МҮБӘРАКОВА, №1 орта мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары

ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қашықтан оқыту дегеніміз – компьютерлік және телекоммуникациялық технологияларға негізделген оқытудың құралдары мен түрлері болып табылады. Бүгінгі таңда қашықтан оқыту компьютерлік және интернетте оқыту технологиялары ретінде саналып отыр. Заманауи технологиялар оқушы мен оқытушы арасын байланыстырушы болып табылады.

Қашықтан оқытудың мақсаты – оқушыларға өзгеріп жатқан әлеуметтік-экономикалық жағдайға тиімді бейімделуге және заманауи қоғамға табысты түрде кірігуге мүмкіндік беретін әмбебап білім беру элементін ұсыну. Оқытудың бұл түрі алдыңғы қатарлы ақпараттық технологияларға негізделеді, оларды қолдану білім алушының өзгеріп отыратын қажеттіліктеріне тез және икемді бейімделуді қамтамасыз етеді.

Елімізде ғана емес, әлем бойынша белен алып, адам өміріне үлкен қауіп төндіріп отырған індетке байланысты биылғы оқу жылы да онлайн форматта басталған болатын. Мектеп табалдырығын алғаш аттаған балаларының денсаулығына алаңдаса да, оқушының ұстаз алдынан білім алуын қалаған ата-аналардың сұрауымен 1-сынып оқушылары үшін санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды қатаң сақтай отырып, кезекші сыныптар ашылды. Кезекші сыныптар «Бір мұғалім – бір сынып» қағидаты бойынша екі топқа бөлініп білім алуға.

2-11 сынып оқушылары толықтай қашықтан білім алу форматында оқиды.

Оқушылар күнделікті сабақтарын bilim.kz электронды журналы бойынша мұғалімдер нұсқаған бейнесабақтарды көріп, вебинар арқылы өткізген сабақтарға қатысады. Мұғалімдер әзірлеген тапсырмаларды орындап, өз тапсырмаларын қайта

жүктеп, кері байланыс алады. Сонымен қатар, ZOOM платформасы арқылы да балалар мұғалімдермен жүздесіп, білімдерін шыңдауда.

Білімге ұмтылған бала үшін оқудың түрі маңызды емес. Үйде отырып та білім алып, жан-жақты ізденген жеткіншектің алар білімі зор. Қашықтан білім алу жүйесі әр оқушының өзіндік қажеттілігін ұғынуына, өзіне қажетті білімді іздене отырып үйренуіне мүмкіндік береді, оқушылардың заманауи білім негізі қаланады. Олардың жан-жақты білімділігі, әлемде болып жатқан өзгерістерден сырт қалмауы, ақымды желіге қосылуы, қажетті ақпараттарды іздеп табуға дағдылануы, ақпараттарды қажеттілігіне қарай қолдана алуы қалыптасады.

Қашықтан оқытудың артықшылықтарына тоқталар болсақ. Біріншіден, еркіндік пен икемділік – өз қалауыңыз бойынша білім алу мүмкіндігі, яғни, оқушы сабақтың уақытын, орнын және ұзақтығын дербес жоспарлай алады. Ыңғайлы уақытта, ыңғайлы жерде жұмыс істеу, уақытты үнемдеу мүмкіндігі. Екіншіден, ұтқырлық – мұғалім мен оқушы арасындағы кері байланыс арқылы оқу процесінің табысты болуы. Үшіншіден, қолжетімділік – оқушының мектепте отырмай-ақ, білім қажеттіліктерімен шектелмеуге мүмкіндік береді. Төртіншіден, технологиялық тиімділік – оқу үрдісінде

ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялардың соңғы жетістіктерін қолдану, желілік компьютерлік дағдыларды жетілдіру.

Қашықтан оқыту – заман талабы. Оқу-тудың бұл жүйесі сын сағатта халқымыздың ертеңгі сенімін арттырып, дүрбелең кезеңдегі қабылданған дұрыс шешім деп білеміз. «Ұстаз... жаратылысынан өзіне айтылғанын бәрін жете түсінген, көрген, естіген және аңғарған нәрселердің бәрін жадында жақсы сақтайтын алғыр да аңғарымпаз ақыл иесі, мейлінше шешен, өнер-білімге құштар, аса қанағатшыл, жаны асқақ, жақындарына да, жат адамдарына да әділ, қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін батыл, ержүрек болуы керек» деген әл-Фарабидің сөзі дәл бүгінгі індеттің алдын-алу шараларын жүзеге асыруда қашықтан оқытуды оңтайлы ұйымдастыруға атсалысып жүрген ұстаздар оқушыларымыз бен ата-аналарымызға дұрыс насихатталуына, заманауи білім алуға жауапкершілікпен, бастысы біртұтастыққа, түсіністікпен қабылдауына күш салудамыз. Ұрпағымыз үшін жасалып жатқан ұлағатты жұмыс өз мәзірін береді деп сенеміз.

Ақнұр БАЛҒЫМБЕКОВА, Қ.И.Сәтбаев атындағы №7 мектеп-лицейінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

ЖЕМҚОРЛЫҚ – ІНДЕТ, ЖОЮ – МІНДЕТ!

ҚАРАМАҒЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТШІ ҮШІН ДЕ ЖАУАПТЫ



2019 жылдың 26 қарашасында Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң қабылданған болатын.

Атап айтқанда, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңның (бұдан әрі – Заң) 60-бабымен мемлекеттік саяси қызметшілердің өздеріне тікелей бағынысты мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар жасағаны үшін жауапкершілікте болу шарттары айқындалған.

Аталған шарттарға сәйкес қала және аудан әкімдері өзінің орынбасары, әкім аппаратының басшысы, жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын өзі жетекшілік ететін атқарушы органның басшысы, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі жемқорлық қылмыс жасаған кезде отставкаға шығуға өтініш білдіреді.

Бұл ретте, отставкаға шығуға өтініш беру үшін саяси қызметші тағайындалған күннен бастап қарамағындағы қызметші сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны үшін жауапкершілікте болу шарттары айқындалған.

акталмайтын себептер бойынша қылмыстық істі аяқтағаннан кейін тағайындау құқығы бар адамның атына беріледі.

Егер сот шешімі күшіне енгенге дейін немесе қарамағындағы адамға қатысты қылмыстық іс тоқтатылғанға дейін саяси қызметші жұмыс орнын ауыстырған болса, онда ол отставкаға өтініш бермейді. Бұл орайда, егер экс-мемлекеттік қызметшіге қатысты сот үкімі немесе қылмыстық істі тоқтату туралы тиісті акті күшіне енген болса, онда қылмыс жасалған кезінде сол адамның басшысы болған және сол лауазымда қызмет атқарып отырған саяси қызметші отставкаға өтініш береді.

Отставкаға шығу туралы өтініш жолданатын тағайындау құқығы бар адам мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

- 1) отставканы қабылдау;
- 2) отставкадан бас тарту;



3) тәртіптік жауапкершілікке тарта отырып, отставкадан бас тарту.

Өз кезегінде мемлекеттік органдардың бірінші басшылары, орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың дербес құрылымдық бөлімшелерінің басшылары лауазымдарын атқаратын мемлекеттік қызметшілер өздеріне тікелей бағынысты мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар жасағаны үшін тәртіптік жауапкершілікте болады (жауапкершіліктің туындау шарттары Заңның 43-бабының 4-тармағында белгіленген).

Қымбат ҚАЗБЕКОВА, Жезқазған қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының бас маманы

САНИТАРЛЫҚ ТАЛАПТАР БАҚЫЛАУДА

Карантин талаптары мен санитарлық нормалардың сақталу барысын қадағалаушы мобильді топ өкілдері қызу жұмысқа кірісті.

Жезқазған қалалық жастар ресурстық орталығы директорының міндетін атқарушы Ізтөлеу Түсіп бастаған волонтерлер және құқық қорғау саласы мамандары мен бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінен құралған мобильді топтың кезекті бағыты Бейбітшілік даңғылындағы «Самади» супермаркетіне бағытталды. Тұрғындар қарасы қалың жиналатын бұл орында алдымен тұрғындардың маскалық режимді сақтауы тексерілді. Одан әрі супермаркет басқарушысы қызметкерлердің дене қызуы өлшеніп, тіркелетін дәптерді көрсетті. Супермаркет қызметкерлерінің дене қызуы күніне үш рет өлшеніп қадағаланатынына көз жеткізген мобильді топ өкілдері одан әрі №14 «Балдырған» бөбекжайына ат басын бұрды.

Балалардың қауіпсіздігі үшін ата-аналардың да ішке кіруіне рұқсат етілмейтін бұл бөбекжай медбикесі барлық санитарлық талаптар қатаң сақталғанын жеткізді. №3 ЖОББМ-де аралаған бақылаушы топ кезекші сы-

ныптардағы балалардың маскаларды қалай болса солай тағып жүргенін ескертіп, оқушылар маскаларды әр екі сағат сайын ауыстырып отыру керектігін де атап өтті.

Күз маусымында жұқпалы аурулар өршиді ғой. Басты қауіп коронавирустан болып отыр. Қазір көп тұрғындар сақтық шараларын естен шығарып алған іспетті. Сол себепті тұрғындарға алдын алу шараларын жіте түсіндіру аса маңызды. Бұл жолғы мониторинг жұмысына волонтерлер де қатыстырылды. Бұл – жұмыс барысының әділ әрі нақты түрде жүргізілуіне мол септігін тигізеді деген ойдамыз, – дейді Ізтөлеу Бекенұлы.

Санитарлық талаптар толық сақталмаған орындардың бірі – «Юникс» азық-түлік дүкені. Қасса қызметкерлері қорғаныштық медициналық қолғап кимеген және тұтынушылар арасында әлеуметтік арақашықтық сақталмағанын дүкен басқарушысына ескерту жасалды.

Ақпарат ТАҒЫБЕРГЕН

ҚЫС ҚАНДАЙ БОЛМАҚ?

Биылғы қыс қандай болады деген сұрақ кім-кімді де алаңдатпай қоймайтыны анық. Осыған орай, «Қазгидромет» ауа райына болжам жасау орталығы қыстың қалай өтетінін айтты.

Алдымен қараша айына болжам жасаған орталық мамандары еліміздің солтүстік, шығыс және орталық өңірлерінде айдың басы қыстағыдай ызғарлы болады дейді. Жауын-шашын, қар, қарлы боран, сондай-ақ көктайпақ болатын жеткізген синоптиктер тұманды күндер де жиі қайталанатынын еске салды. Айдың бірінші жартысында ең суық күндерде термометр бағанасы түнде -10-23°C, күндіз -2-10°C дейін төмендейді. Суық ауа массалары жылыға ауысқанда термометрлердің бағаналары +5+12°C белгісіне жетеді екен.

Оңтүстік өңірлер жылы болады. Жаңбыр, жабысқақ қар жаууы сынды құбылыстар оңтүстік өңірлерде қарашаның екінші жартысында мол болады деп күтілуде. Таулы жерлерде ертерек түсуі мүмкін. Температура түнде -5-12°C, күндіз -1+5°C дейін төмендейді.

Ал енді қыстың қалай өтетінін айтсақ, 2021-дің қысы 2020 жылдың қысына ұқсас. Ауа-райы жылы және жауын-шашын көп түспек.

Өткен жылдың қысында Қазақстан аумағына Атлантика аудандарынан жылы және ылғалды ауа массалары келген. Сол себепті республиканың басым бөлігінде мол жауын-шашын жауады. Алдағы қыста Қазақстан аумағы бойынша температуралық фон климаттық нормадан 1-2°C жоғары, тек еліміздің оңтүстік, оңтүстік-шығыс, шығыс аймақтарының таулы және тау бөктерлі аудандарында норма шамасында күтілуде, – дейді синоптиктер мамандар.

Қыстың екі айында еліміздің басым бөлігінде ауа райы жауын-шашынды болмақ. Өлеттегідей тек батыста ғана күн райы жылы қалпын сақтамақ. Ал ақпан айында жауын-шашын мөлшері елдің басым бөлігінде нормадан көп, ал оңтүстік-батыс жартысында норма шамасында болады.

Келер жылдың наурыз айы да жауын-шашынға толы болады деп болжануда.

Ақпарат ТАҒЫБЕРГЕН

Тұмау мен ЖРВИ алдын алу

ЖРВИ (жедел респираторлық вирустық инфекциялар) және тұмау - ауа-тамшы жолымен таралатын жұқпалы аурулар

Өзіңізді ЖРВИ мен тұмауға қарсы қалай қорғауға болады?

Вакцинация - тұмаудан қорғаудың ең сенімді және тиімді әдісі

Иммунотропты дәрілер - витаминдер, иммуномодуляторлар иммунитетті арттырады. Оларды дәрігердің нұсқауы бойынша қабылдаңыз.

Жергілікті иммунитетті сақтау:

- жеке бас гигиенасын сақтау
- жеке қорғаныс құралдарын пайдалану
- науқастармен байланыста болудан аулақ болыңыз
- дұрыс тамақтану принциптерін ұстану
- ұйқы және демалыс режимін сақтау
- спорт

Осы қарапайым нұсқаулықтарды қолданыңыз және денсаулығыңызға мұқият болыңыз!

Дереккөз: ҚР Денсаулық сақтау министрлігі

@coronavirus2020_

Егер сізге суық тисе немесе вирустық ауру болса

Ар пациент өзін-өзі бақылау күнделігін немесе пациенттерді бақылау тізімін жүргізуі керек, бұл дәрігерге жағдайды анықтауға және дұрыс емдеуді тағайындауға көмектеседі.

Ол үшін:

- ✓ Сіздің әл-ауқатыңыз туралы деректерді күнделікті жазып отырыңыз. Мұны істеген кезде сабырлы және позитивті болыңыз.
- ✓ Симптомдарды мұқият бақылаған кезде ауруды оңай басқаруға және емдеуге болады.
- ✓ Егер жағдай нашарласа, дәрігерге хабарлаңыз, бақылау тізімін беріңіз, сонда дәрігер әрі қарай басқару тактикасы туралы тез шешім қабылдайды. Емдеу тактикасы қауіп факторларының болуына байланысты (қан диабеті, гипертония, жүрек ауруы, өкпе ауруы, семіздік).
- ✓ Қабылдау күндерінің саны аурудың ұзақтығына байланысты анықталады. Клиникалық симптомдардың ауырлығы 0-ден 5 баллға дейін бағаланады: 0 - жоқ, 1 - шамалы, 2 - орташаға жақын, 3 - орташа ауырлық, 4 - айтарлықтай, 5 - экстремалды дәреже.

Ұсыныстар:

- үйде болыңыз және жұмыс берушіге вирустық инфекция туралы ескертіңіз;
- өзін-өзі бақылау күнделігін жүргізіңіз: температураңыз, жүрек соғу жиілігін, тыныс алуды бақылау;
- алғашқы медициналық-санитарлық көмек қызметкерімен қашықтықтан байланыс;
- пульсоксиметрия (қанғығу 95% және одан жоғары болған жағдайда);
- жартылай төсек режимі;
- көп мөлшерде, бөлшек түрде су ішіңіз (әр күн салмағына 30-50 мл).

Ауырлығына қарамастан, егер сізде гипертония, қант диабеті, жүректің ишемиялық ауруы, өкпенің созылмалы обструктивті ауруы, бронх демікпесі сияқты қауіп факторлары болған болса, келесі белгілер пайда болған жағдайда дереу дәрігермен кеңесу керек:

- кез-келген температураның көтерілуі;
- әлсіздік, тершеңдік, буын аурулары;
- бас ауруы, нәжіс;
- қысымның жоғарылауы / төмендеуі;
- жөтел;
- күш түскенде ентігу;

Дереккөз: ҚР Денсаулық сақтау министрлігі

@coronavirus2020_kz